



**34 МЕМЛЕКЕТПЕН
ЕКІЖАҚТЫ ШАРТ
ЖАСАЛДЫ**

2-бет



**ҰРЛЫҚ
КӘСІП ПЕ,
ӘДЕТ ПЕ?**

6-бет



ШЫҒЫРАУ

8-бет

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№5 (3536) 20 қаңтар 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӘСІПТІК БІЛІМ АЛҒАНДАРҒА СҰРАНЫС БАР МА?



Қаңтардың 24-інде әлем жұртшылығы Халықаралық білім күнін атап өтеді. БҰҰ Бас Ассамблеясының 2018 жылғы 3 желтоқсандағы резолюциясы бойынша бұл мереке биыл бесінші рет ұйымдастырылуда. Қазақстан 2022 жылдың қыркүйегінде жарияланған БҰҰ Даму бағдарламасындағы Әлем елдерінің білім деңгейі индексі (Education Index) бойынша 191 елдің арасында 36-орында тұр.

(Соңы 3-бетте)

СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Өмірсерік Қожабаев,
«Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының отставкадағы
судьялары» қоғамдық бірлесті-
гінің төрағасы:

«ПРЕЗИДЕНТТІҢ ШЕТЕЛГЕ ШЫҒАРЫЛҒАН КАПИТАЛДЫ ҚАЙТАРУ БОЙЫНША БЕРГЕН ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛМАЙ ОТЫР»

– Өткен жылы Президент құқық қорғау органдарына шетелге шығарылған ақшалай қаражатты ұлттық және шетел валютасымен қайтару жөнінде бірқатар тапсырма берді. Бұл идея бірден азаматтық қоғамның қызығушылығын туғызғанын білеміз. Ал, іс жүзінде нақты не жасалды? Президент тапсырмасының орындалуы қалай?

– Президент мемлекет үшін аса маңызды, халықтың көкейінде жүрген мәселені дер кезінде көтерді. Алайда, оның орындалуы көңілден шығып отырған жоқ. Уәкілетті органның, ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің (бұдан әрі – ҚМА) ашық көздердегі ақпараттарына сәйкес, Кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласын дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленген. Мұнда активтерді қайтару жөніндегі Ұлттық үйлестірушіні құру, қандай да бір саясатты жүргізу, қажетті құқықтық негізді қалыптастыру туралы айтылады. Бірақ бұл қадамды – шындыққа үйлесімсіз және сауатсыз жасалған, дұрысы, белгілі бір адамдардың қайтарылатын қаражатын жасыруына жағдай мен мүмкіндік жасау мақсатында, Мемлекет басшысы қойған міндеттерді орындаудан қасақана жалтару деп бағалар едім. Өйткені, қолданыстағы актілердің орнына жаңа құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау және шығару ұзақ уақыт алады. Бұл өз кезегінде ақшаны қайтару бойынша нақты нәтижеге қол жеткізбеу үшін тамаша жағдай жасайды. Сөйтіп, еліміз үшін дәл қазіргі кезде құнды болып отырған уақытты уыстан жіберіп алады.

Осы істің басы-қасында жүргендер бұрын елде аталмыш мәселе бойынша заңнама мен нормативтік-құқықтық актілер болмаған деген жалған түсінік қалыптастыруға тырысары анық.

(Соңы 5-бетте)

ТҰЛҒА

Досжан ӘМІР, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы

«КІСЕНДЕУЛІ ЖОЛБАРЫС»

(Жалғасы, басы өткен санда)

Маоның мойындауы

Біз жоғарыда «кісендеулі жолбарысқа» күш берген артында тұрған халқы екенін айттық. Дегенмен, сол тұстарда азуын айға білеген компартия басшылығын тайталас дау-жанжалдарда сүріндіру үшін, бетпе-бет келген айтыста үстем түсуге, үлкен күш-жігермен қоса, асқан өжеттілік, қайсарлық өз алдына, жан-жақты білім, әсіресе, марксизм-ленинизм идеясын жетік білу қажет еді. Ал сол тұстарда Ж.Тәшеновтің осы мәселелердегі жүйріктігі, сұңғыла сарапшылығы оның ортасын ғана емес, Кремль айналасын да талай жерде тәнті етіпті. Тіпті, кейін оның идеялық қарсыласына, қас жауына айналған әулекі Никита Хрущевтің өзін қысылғанда, тығырықтан алып шыққан оқиғасы да болған.

Бір жолы, Қытайға барған сапарда Н.Хрущев бастаған КСРО делегациясының құрамында Ж.Тәшенов те болған. Оларды Қытай басшысы Мао қабылдап, әңгіме ретімен өз елінде коммунистер санының ұлғайып, өсіп бара жатқанын айтып мақтанып, таразының салмағын аудара басқанға ұқсайды. Билік иелерінің арасында бір-бірін аңдысқан, іліп-қаққан полемикалық тартыстың жүрері заңдылық. Осы жерде біздің мемлекет тарапынан, үкімет басшысы араласуға тиіс жағдайда, әшейіндегі менменшіл өркеуде, даурықта, есерсоқ кеңестік билеуші, сын сағатта көмейіне құм құйылып, үндей алмай қалыпты. Саяси білігінің таяздығы, өріс аясының тарлығы аңдалып қалған. Сол кезде жағдайды ұшқырлықпен барлап үлгерген Жұмабек Ахметұлы сөзге араласып: «коммунизм идея-

ларының ең алғашқы бастау алып, дамыған елі – Кеңес Одағы» екендігі туралы, елдегі компартияның күшті жетекшілік ықпалы туралы жүйелі түрде тоқталып айтып беріпті. Бұған өзге түгілі, Маоның өзі риза болып, советтік коммунистердің дүлей басшысынан гөрі, Ж.Тәшеновке ықыласы ауып кетсе керек. Қоштасар сәтте, делегация басшысы Никита Сергеевичті көзіне ілмей, Ж.Тәшеновті қолтығынан демей ұстап, қақпайлай бере, фотографты шақырып, ескерткіш суретке де түскен.

Әрине, алып Қытайды ұзақ жыл басқарған Маоның да бетқаратпас, өркөкірек, астамшыл билеуші болғаны белгілі, оның осы жолғы Жұмабек Ахметұлына оң көзқарасы мен айрықша ықыласы совет делегациясы үшін, бұл сапардың нәтижелі аяқталуының белгісіндей болып қалған. Бұл арада біз ұлтымыздың мақтан тұтар қайраткерінің халықаралық

қарым-қатынас сәттеріндегі сұңғыла саясаткерлігін, жүйрік ойлы аңғарымпаздығын, сонымен бірге, нәзік дипломатиялық шеберлігін де айқын танымыз. Және ең бастысы – ол өз ұлтының ұлы, тұған халқының өкілі ретінде танылған тұлға. Қытайдағы ұлт көтерілісінің қаһарманы Оспан батыр: «Қазақ үшін шайтанмен де тіл табысуға барамын» деген екен. Қайран ер, халық тағдырын шешуде тек жалаң қылышқа сүйене бермей, мәмілегершіліктің маңыздылығын жақсы түсінген...

Соңғы мүмкіндік

Жұмабек Ахметұлының осындай үздік қасиеттеріне өзге тұрмақ, әулекі билеушінің де көзі әбден жеткенге ұқсайды. Қытай сапарынан ораларда, Н.Хрущев ризалығын жасыра алмай, Ж.Тәшеновтің қолын қысып тұрып: «Сіз нағыз коммунист екенсіз ғой» депті. Ол кезең үшін, қазір қанша жерден қаралап, баттастырып, күйе жағып көрсетсек те, бірдей бір мемлекет басшысының бұл мойындауы – үлкен абырой.

(Соңы 4-бетте)

«ҚАЗАҚ НОТАРИУССЫЗ-АҚ ӨМІР СҮРГЕН»

Шарт – екі немесе бірнеше тұлға арасында жасалатын мәміле. Нысаны жазбаша не ауызша жасалады және оны орындау міндеттеледі. Күнделікті тәжірибеде көріп жүргендей, азаматтық істер бойынша дау тудырып отырған мәселелердің бірі осы шарттан туындайды.



**Шолпан МАЛИКОВА,
Қызылорда облыстық
сотының судьясы**

Дала заңымен өмір сүріп, қашан да сертіне адал болған қазақ қоғамы бұл күнде жаһандануға ілесемін деп құжаттан басқаға сенбейтін халге жетті. Әдебиет зерттеушісі, ғалым Ақселеу Сейдімбектің – «Біз уәдеге берік едік. Уәдеден тайдық. Қазақ кезінде нотариуссыз-ақ өмір сүрген» деген ұлы сөздерінің астарында біраз дүние жатыр.

Сотта қаралып жүрген осы санаттағы даулардың басым көпшілігі жазбаша нысандағы қарыз алу шарттарын орындамау салдарынан туындап отыр. Атап айтқанда қолхат, нотариалды куәландырылған шарт және банктік қарыз шарттары. Дәлелді құжат болса және ол заңға қайшы келмесе сотта қанағаттандырылатыны белгілі. Бірақ бүгінгі күнгі мәселе шарттың ауызша жасалуы, яғни, белгілі бір дәлелдің болмауы.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасымен қаралған кезекті істің бірінде талап қоюшы жауапкерден 360 мың теңге өндіруді сұрап, талап қойған. Талап қоюшының сөзіне қарағанда әруақытта аталған соманың жартысын қолма-қол, қалған жартысын өзге тұлғалардың атына тіркелген банктің мобильді қосымшасы арқылы жауапкердің есеп-шотына аударған. Іске қатысқан куәлер талап қоюшының өтініші бойынша жауапкерге аударым жасағандарын, алайда не мақсатта екенін білмейтіндерін атап өтсе, жауапкер мүлдем қарыз алмағанын айтты. Дәлелдеменің жеткіліксіз болуынан сот алқасы бірінші саты сотының талапты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімін күшінде қалдырды.

Азаматтық заңнама бойынша куәгерлік айғақтармен мәміленің

жасалғанын растауға болмайтыны белгілі. Мәміле 100 АЕК-тен жоғары сомаға жазбаша түрде жасалуы тиіс.

Келесі бір жағдайда талап қоюшы жауапкерден қолхат арқылы берген қарызын өндіруді сұраған. Жауапкер қарыз алғанын мойындағанымен, оның біршама сомасын талап қоюшыға бергенін мәлімдеді. Бірақ қарызды қайтарғандығын дәлелдейтін құжат ұсынылмауына байланысты, сот соманы толық өндірді.

Бұл жағдайлар азаматтардың әлі күнге дейін құжатқа салғырт қарайтындығын аңғартады. Қандай да мәмілені мүмкіндігінше жазбаша нысанда куәлердің қатысуымен жасауды, қол қоятын құжатпен міндетті түрде танысуды ескерген жөн. Сол кезде ғана даудың болмайтындығына сенім мол.

ОҢ ҚАДАМ

СОТ ҒИМАРАТТАРЫНА ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ



Батыс Қазақстан облысының бірқатар аудандық және оған теңестірілген соттардағы ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды.

Облыс бойынша Соттар әкімшісінің басшысы М.Кенжалиев соттардағы өзекті мәселелерді анықтау мақсатында барлық аудандық және оған теңестірілген соттардың ғимараттарында тексеру жұмыстарын жүргізді. Тексеріс барысында, көптеген соттардың ғимараттарына жөндеу жұмыстары қажет екені анықталды. Осыған байланысты ғимараттарды жөндеу бойынша жұмыс жоспары әзірленді. Өткен жылдың 5 айында Батыс Қазақстан облысының бірқатар соттарында жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Батыс Қазақстан облыстық сотында әкімшілік ғимаратының қасбеті жаңартылып, бірінші қабаттың әжетханасында мүгедектерге арналған тұтқасы бар құрылыс орнатылды. Жертөледе, конвойлық үй-жайларда қабырғалар мен төбелер ылғалдан тазартылып, барлық қабаттардағы әжетханалар су жылытуға арналған қазандықтармен, қолды кептіруге арналған құрылғылармен жабдықталып, қабырғалар боялды. Сондай-ақ, аумақтық абаттандыру, көлік тұрағы мен пандусқа арналған қоршауды белгілеу, металл қоршау мен тіректерді сырлау жұмыстары да жүргізілді.

Орал қаласының №2 сотында циркуляциялық сорғыны демонтаждау және орнату, лифт блогындағы өшіру клапандарын ауыстыру, бетон төсемдерін демонтаждау, көтергіштер мен жылу сымдарын ауыстыру, бетон перде орнату бойынша жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қабырғалар мен төбелердің ішкі беттерін әрлеп, еден төсеніштері жартылай ауыстырылды. Жылыту қазандығы ауыстырылды.

Орал қалалық сотында ғимараттың төбесі жартылай жөнделді, профильді қаңылтыр ауыстырылып, шатырдың ағаштары сырланды, карниз профильді қаңылтырмен қапталып, қабырғалар мен төбелер де өңделді және ғимараттың проблемалық аймақтары сырланып, холлдағы керме төбе ауыстырылғанын айта кету керек. Бұдан бөлек кіреберіс те толық жөндеуден өтті. Сонымен қатар, мамандандырылған тергеу соты

ғимаратының кеңселерінде қабырғалар мен төбелерді өңдеу және сырлау жұмыстары жүргізілді.

Сырым аудандық сотында төбені ішінара жөндеу, профильді қаңылтырларды ауыстыру, шатырға шығатын өрт баспалдағын орнату, терезелер мен терезе блоктарын орнату бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. 32 данадан пластикалық терезе төсеніштерін орнату, терезе беткейлерін өңдеу және жылтырату жұмыстары жүргізілді.

Жаңақала аудандық сотында әжетхананы жөндеу, полиэтилен құбырларын ауыстыру, кәріздік септик, раковина, мүгедектерге арналған пандус орнату оң шешілді. Сондай-ақ, Жәнібек аудандық сотында әкімшілік ғимараттың шатырын қалпына келтіру, қазандықты жөндеу, еден мен қабырғаларға плиткалар орнату, залдың және қазандықтың қабырғалары мен төбелерін әрлеу жұмыстары, желдетілетін қасбетті, есік блоктарын орнатумен қатар, әжетхана ретінде арнайы бөйме жабдықталып, оған жаңа қол жуғыштар орнатылды. Монолитті кіре беріс жөнделді.

Қазталов аудандық №2 сотында кеңсе меңгерушісі кабинетінің қабырғаларын қаптау, еденді ленолиуммен ауыстыру, армстронг төбесін орнату, қабырғалар мен төбелерді өңдеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Ғимараттың барлық аумағында электр сымдары орнатылып, бөлшектеді және автоматты машинаға қалқан қойылды. Бөкейорда аудандық сотында профильді құбырға прожектор орнатылып, жерге тұйықтағыш кіретін қалқан, релелік таймер, автоматты ажыратқыш қойылса, Бәйтерек аудандық сотында ғимарат ішіндегі электр сымдары орнатылды. 14 аудандық соттағы дыбыс-бейнефиксаторлар ауыстырылды. Сот қызметкерлері мен мердігер ұйымдардың үйлесімді және кәсіби жұмысының арқасында жоспарланған барлық ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды.

Қазіргі таңда Бөкейорда аудандық сотының бір қабатты ғимаратын салуға Батыс Қазақстан облысы әкімдігінен 2023 жылға 182 миллион теңге бөлінді. Сондай-ақ, Қазталов ауданында жаңа сот ғимаратының құрылысына жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде.

**Батыс Қазақстан облыстық сотының
баспасөз қызметі.**

34 МЕМЛЕКЕТПЕН ЕКІЖАҚТЫ ШАРТ ЖАСАЛДЫ

ҚР Бас прокуратурасының хабарлауынша, қылмысқа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша шет мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастықты дамыту жұмыстары жалғасуда. Бүгінгі таңда еліміздің 34 мемлекетпен қылмыстық-құқықтық салада 72 екіжақты шарты бар. Олар: қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы; қылмыскерлерді ұстап беру туралы; сотталған адамдарды беру туралы.

Мәселен, 2022 жылғы 20 қазанда Никосия қаласында Қазақстан мен Кипр арасындағы ұстап беру туралы, сондай-ақ, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шарттарға қол қою рәсімі өткен болатын. Ол тараптарға бір мемлекетте қылмыс жасаған және екінші мемлекетте жасырынып жүрген іздеудегі адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту және сот үкімдерін орындау үшін экстрадициялауға мүмкіндік береді. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шарт екі елдің құқық қорғау және арнайы органдарына күдіктілер мен айыпталушылар кінәсінің дәлелдемелерін алуға, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған ақша қаражатын және өзге де мүлкті тәркілеуге және оларға тыйым салуға мүмкіндік береді.

Халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде былтыр іздеуде жүрген адамдарды ұстап беру туралы 50 сұрау салу шет мемлекеттермен қанағаттандырылды. Атап айтқанда, қыздарды Қазақстаннан Бахрейнге жыныстық пайдалануға жібергені үшін күдікті А.Пичугина елге қайтарылды. Тәжікстаннан атыс қаруын қолдану арқылы кісі өлтіргені үшін іздеуде жүрген О.Иссалы мен Б.Исабеков экстрадицияланды. Өзбекстан елі алаяқтық жолымен 288 млн теңгені ұрлағаны үшін іздеуде жүрген А.Смалбаеваны ұстап берді. Қазақстаннан «РБК Банкі» АҚ-ның 15 млн АҚШ долларынан астам сомасын ұрлады деген күдікті В.Власов,

қаржы пирамидасын («Qi TRADE Kazakhstan», «Выгодные займы») құрғаны және басшылық еткені үшін іздеуде жүрген С.Абсаметова, Б.Томин және Е.Шарифуллин, сондай-ақ, құрамында 1 млрд теңгеден астам сомаға алтыны бар материалды қылмыстық топтың құрамында ұрлағаны үшін А.Тимаков Ресейге ұстап берілді. Сондай-ақ, трансұлттық ұйымдасқан топтың құрамында аса ірі мөлшерде алтын мен зергерлік бұйымдардың экономикалық контрабандасы үшін іздеуде жүрген Тастан Эзубекірді ұстап беру туралы Қырғызстанның сұранысы қанағаттандырылды.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының Жарлығына сай Перу Республикасымен барлық шарттар, Малайзиямен ұстап беру туралы, Мысырмен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы және ұстап беру туралы шарттар мақұлданды және қол қоюға дайын. Сондай-ақ, Парламентте Франциямен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы және ұстап беру туралы шарттарды ратификациялау туралы заң жобалары қаралуда. Мысыр және Израильмен сотталғандарды беру, Аргентинамен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және ұстап беру, Португалия, Словакия, Латвия және Иранмен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы, ал Мароккомен барлық үш келісімге қол қою жөнінде келіссөздер жүргізілуде. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде шетелге заңсыз шығарылған активтерді қайтару бойынша да кешенді жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, Үкіметпен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп заңсыз шығарылған активтерді қайтару жөніндегі қосымша шаралар кешенін қамтитын заң жобасы әзірленуде.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

АЙМАҚ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ДЕНГЕЙ – ӘЛЕУМЕТ ӨЛШЕМІ



Атырау облысында облыс басшысы Серік Шәпкеновтің төрағалығымен Атырау облысында пилоттық режимде бастау алған республикалық «AMANAT» партиясының жанынан құрылған «Құқықтық көмек» партиялық жобасының қорытындысы туралы басқосу өтті.

Жиынға өңірдегі күштік құрылым басшылары мен басқарма төрағалары, аудан, қала әкімдері, өзге де қоғам белсенділері қатысты. Сөз басында «Құқықтық көмек» партиялық жобасының облыста іске асырылуы туралы мобильді топ мүшесі Абзал Құспан атқарылған жұмыстарға қорытынды баяндама жасады. Заңгер өз тараптарынан Атырау қаласы мен облыстағы төрт аудан тұрғындарына құқықтық кеңес берілгенін айтты.

– Мен қарапайым азаматтармен, жалғызбасты аналармен, кәсіпкерлермен, мемлекеттік орган қызметкерлерімен кездесіп, аймақтағы мәселелерге талдау жасадым. Оның бәрі де жеке сот орындаушыларының тарапынан дұрыс қызмет көрсетілмеуінен орын алған. Сондай-ақ, барлық ауданда ортақ екі мәселе бар. Ол – жекешелендіру мен үй алу мәселесі. Өйткені, жергілікті деңгейде жұмыс істейтін комиссияның тек кезекте тұрғандардың тізімін жасаумен-ақ өкілеттілігі тоқталады. Осыған орай біз заңды қайта қарау үшін ҚР Парламенті Мәжілісінің

төрағасы Ерлан Қошановқа ұсыныс береміз, – деді А.Құспан.

Жиында облыс әкімі жалдамалы пәтерлерді жекешелендіру және тұрғын үйді сатып алу мәселелерін оңтайландыру және қолданыстағы заңнамаларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін ұсыныс дайындау мақсатында құзырлы орган өкілдеріне арнайы комиссия құру туралы тапсырма берді.

–Тұрғындармен ашық кездесіп, оралдың мәселесін саралап, ортаға салып, ашық талқылағаныңыз үшін алғысымды білдіремін. Біздің басты мақсатымыз – әділдік принципін орнатып, дұрыс құқықтық кеңістікте жүру. Әділдік орнаған жерде бәрі де дұрыс болады. «Құқықтық көмек» партиялық жобасы – осы уақытқа дейін облыста жұмыс істеген барлық құқықтық қызмет көрсетуші мекемелердің дұрыс тұсы тоғысқан өміршең жоба болуы тиіс. Жоба осымен тоқтап қалмай, жалғасын табуы керек. Тұрғындардың қандай да бір құқықтық қызмет алуына көмек керек болса, біз барлық жағдайды жасаймыз, – деді С.Шәпкенов. Жиын соңында облыс әкімі Серік Шәпкенов «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында жұмыс істеп жүрген заңгерлерге алғысын білдіріп, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

**Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӘСІПТІК БІЛІМ АЛҒАНДАРҒА СҰРАНЫС БАР МА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Еліміз білім деңгейі индексі бойынша Орталық Азияда көшбасшы және көршілес елдер арасында Ресейден кейінгі орында. Австралия, Жаңа Зеландия, Исландия, Швеция, Бельгия бастаған рейтингте Ресей – 29, Иран – 71, Қырғызстан – 76, Түрікменстан – 77, Өзбекстан – 80, Тәжікстан – 101, Қытай – 114 сатыға жайғасқан.

Қазақстан сондай-ақ, БҰҰ Даму бағдарламасының 2022 жылдың қыркүйегінде жарияланған Әлем елдерінің адам дамуы бойынша рейтингінде 191 елдің арасында 56-орын алды. Швейцария, Норвегия, Исландия бастаған бұл рейтингте Ресей – 52, Иран – 76, Қытай – 79, Әзірбайжан мен Түрікменстан – 91, Өзбекстан – 101, Қырғызстан – 118, Тәжікстан – 122 сатыда тұр.

Еңбек бөлінісі біздің пайдамызға қызмет етпеуде

I және II дүниежүзілік соғыстан кейін әлемде техникалық және кәсіптік білімнің маңызы айқын сезілді. Алайда, оны әр ел өз мүмкіндігіне қарай әрқилы дәрежеде жүзеге асырды. Қазақстанда техникалық және кәсіптік білімнің негізі патшалық Ресей кезінде қалана бастағанымен, оның сан жағынан да, сапа жағынан да өсуі ХХ ғасырда тіркелді. Оған жаңа өндіріс орындарының құрылуы үлкен септігін тигізді. Алайда кәсіптік білім кеңестік дәуірде таптық тұрғыдан насихатталып, түсіндірілді. Биліктің барлық идеология құралы осыған қызмет етті. Сондықтан одақ тарап, республика өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін кәсіптік білімнің назардан тыс қалуы елдің дамуы мен қалыптасуына кері әсерін тигізді.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіруде нарықтық тәжірибенің болмауы қолда бар өндіріс пен техниканы сақтап қалуға мүмкіндік бермеді. Бәрі ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткендіктен, республика өңдеу өнеркәсібінен айырылып, экономикалық өсім шикізат өндіруге ғана тәуелді болып қалды. Бұл еңбек бөлінісі кезінде техникалық және кәсіптік мамандықтар беделінің төмендеуіне алып келді.

Жаңа өнім мен қызмет түрін дамытуда маңызды рөл атқаратын

инженер, конструктор сияқты кәсіби мамандарға сұраныс болмағандықтан олар мамандығын өзгертіп, басқа салаларға ауыса бастады. Тіпті, меншік иесінің өзгеруіне байланысты инвесторлар өзіне қажетті мамандарды дайындауға қаржы жұмсағанша, оны сырттан алдырғанды не жалдағанды жөн деп тапты. Бұл білім-ғылым-өндіріс арасындағы байланысты бұзып, ондағы жүйенің ескіріп, қажетті деңгейде жаңартылмауына түрткі болды. Жоғары және техникалық, кәсіби білім беру ұйымдары арасындағы алшақтықтан елдегі маман дайындау жүйесі мемлекеттің дамуына серпін бере алмады. Мемлекет тарапынан қабылданған түрлі бағдарлама, жоба, тұжырымдамаларда белгіленген индикаторлардың ешқайсысы толық орындалған жоқ. Осыған қарамастан әлі күнге дейін оған жұмсалған бюджет қаржысының есебін беріп, жауапкершілікті мойнына алған ешкім табылмай тұр.

Кәсіптік бағдарлауды насихаттаған министр бағытты түзей ала ма?

Министрліктің есебіне қарағанда Қазақстанда 770 техникалық және кәсіби білім (ТЖКБ) беретін оқу орны жұмыс атқарады. Оның 444-і мемлекеттік, 326-сы жекеменшік. Оларда 488,9 мың адам оқиды, оның ішінде: 272,2 мыңы мемлекеттік; 216,7 мыңы жекеменшік оқу орнында. Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитындар – 289,4 мың, ақылы негізде оқитындар 199,5 мың.

Ал Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, 2022–2023 оқу жылының басында Қазақстанда 718 техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдар мен 41 дербес филиал жұмыс істеді. Дербес оқу орындарының 567-сі және дербес емес оқу орындарының (филиал) 38-і қалада орналасқан. Олардың жалпы саны жағынан Алматы қаласы (84) мен

Түркістан облысы (49) алда болса, Жетісу (22) мен Ұлытау (13) көш соңында қалып тұр.

2022–2023 оқу жылының басында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитындардың саны 525,9 мың адамды құрады. Оның 251,2 мыңы немесе 47,8% – әйелдер. Оларға 36,9 мың педагог пен 5,4 мың өндірістік оқыту шебері білім береді. Оқушылардың 61% мемлекеттік тілде, 38,8% орыс тілінде, 0,2% ағылшын тілінде оқиды. Былтырғы 138,8 түлектің 83 мыңы немесе 59,8% жұмысқа орналасқан және 14,3% (19,9 мың) жоғары оқу орындары мен колледждерде оқуын жалғастырған.

Оқушылардың жалпы санынан 71,8% – негізгі орта білім, 24,5% – жалпы орта білім негізінде, 3,7% – ТЖКБ базасында оқиды. Олардың 95,8% күндізгі оқу бөлімінде, 0,2% кешкі, 3,9% сырттай бөлімде оқиды. Сондай-ақ, оқушылардың 60,1% мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, 39,9% ақылы негізде білім алады. 2022–2023 оқу жылындағы сұранысқа ие мамандықтар тізімін: мейіргер ісі (18 454); емдеу ісі (15 304); бағдарламалық қамтамасыз ету (13 242); автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (10 161); тамақтандыруды ұйымдастыру (10 143); бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі (8 777); дене тәрбиесі және спорттың (7 410) үлесі басым. Ал басқа мамандықтар бойынша оқитындар саны – 111 698 адам.

2021–2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде «Кәсіптік-техникалық білім беру сапасы» бойынша Қазақстан 2021 жылы – 90, 2022 жылы – 86, 2023 жылы – 82, 2024 жылы – 79, 2025 жылы – 75 орын алады деп болжанған. Сондықтан Оқу-ағарту министрлігінің бағытын түзеуде кәсіптік бағдарлауды насихаттап жүрген Ғани Бейсембаевқа артылар жүк ауыр.

Оқу жылы бойынша оқушылар саны

	Оқуға түскендер	Жалпы саны	Түлектер	Жұмысқа орналасқаны
2020-2021 оқу жылы	164 644	477 539	146 494	
2021-2022 оқу жылы	176 884	494 042	138 760	83 000
2022-2023 оқу жылы	195 189	525 909		

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Сіз не дейсіз?

Айдос АБИХАНОВ,

«PARYZ» Ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясының директоры:

– Қазіргі экономика цифрлық технологияларды қолдануға бағытталған. Өздеріңіз білетіндей, негізгі кәсіби білімді, дағдыларды және оларды болашақта белгілі бір салада қолдану мүмкіндігіне мамандандыру университетте емес, колледжде алады. Бүгінгі таңда еңбек нарығында IT мамандарына сұраныс өте жоғары, жұмыс берушілер кәсіби кадрларға деген нағыз тапшылықты сезінуде. Мысалы, бағдарламалау, киберқауіпсіздік, ақпараттық жүйелер, веб-дизайн, автоматтандыру және басқару, т.б. бағыттарында мамандарға үлкен қажеттілік бар. Бүгінгі таңда «epek.kz» жұмыспен қамту жүйесінің деректері бойынша 730 мыңға жуық жұмыс беруші мамандар іздеуде. Айта кету керек, жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар, бірақ жұмысқа орналасу оңай емес. Өйткені, жұмыс берушілер маманның кәсіби дайындық деңгейіне жоғары талаптар қойып отыр. Бос орындарға қабылдану кезінде үміткерлер бос орынға қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтайтын тестілеуден өтеді. Бұл жұмыс берушінің қиыңдығы емес, уақыттың диктаты мен бұйрығы. Жоғары білікті кадрларды тарту және алмасу мүмкіндіктерін ашатын әлемдік шаруашылық байланыстар интеграциясының жоғары деңгейі жұмыс берушілердің Қазақстаннан тыс жерде қажетті мамандарды іздеу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бүгінгі таңда жұмыс берушілер мен колледждер дуальды оқытуда және тәжірибеден өту үшін орын беруде ынтымақтасады. Бұл жұмыс берушіге оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа шақыру үшін әлеуетті маманды бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан болашақ мамандар оқу бағдарламаларын сапалы игеруге ұмтылуы керек.

Құралай ЯКЕНОВА,

Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары:

– Түлектерді табысты жұмысқа орналастыру – барлық оқу орындарының алдына қойған басты мақсаттарының бірі. Экономика дамыған сайын кәсіптік-техникалық маман иелеріне деген сұраныс күн санап артып келеді. Жақсы маман даярлау үшін оқу орындарының материалдық-техникалық базасы да озық болуы керек. Менің ойымша, дуальды оқыту – кадрдың бәсекеге қабілеттілігінің кепілі. Неге десеңіз, дуальды білім беру жүйесі еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға жол ашып, әрбір түлектің оқу орнын бітіріп шыққан соң жұмысқа орналасуына кепілдік береді. Мысалы, біздің колледжде оқу-өндірістік жұмыс үш бағыт бойынша жүргізіледі: колледж базасында өткізілетін оқу тәжірибелері, өндірістік тәжірибе, жұмыспен қамту.

Түлектерді жұмысқа орналастыру білім беру сапасының көрсеткіші. Былтыр бізде 7 мамандық пен 10 біліктілік бойынша 362 түлек оқуын аяқтап, оның 278-і жұмысқа орналасты. Колледжімізде 2020 жылы түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу орталығы құрылған болатын. Қазіргі уақытта орталық өндірістік оқыту шеберлерінің көмегімен әр біліктілік бойынша түлектер туралы жеке ақпарат жинайды. Біздің түлектеріміз қайда жұмысқа орналасқандығы жөнінде ақпараттар жаңартылып, жұмысқа орналастыру орталығының нәтижелері туралы үнемі сайтымызда жарияланып отырады.

Жалпы, статистикаға сүйенсек, жыл сайын кәсіптік-техникалық оқу орнын бітіретін түлектердің сексен пайыздан астамы жұмысқа орналасып кетеді екен. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның заманы. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Сондықтан да мен жастарымызды жұмысшы мамандығын белсенді меңгеруге шақырамын және кеңес берер едім.

СҰРАҢЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ!



Балағат сөздері үшін жазаның күшейтілуі көпшілік арасында қызу талқылануда. Жаңа өзгеріске орай жаңсақ пікір, теріс көзқарас қалыптаспас үшін ҚР ІІМ ӘПК басқарма бастығының міндетін атқарушы Азамат Құрымбаевқа арнайы мінбер ұсынып, азаматтардан жиі түсетін сауалдарға қатысты жауабын ұсынып отырмыз.

Қандай жағдайда балағат сөздер үшін айыппұл салынады?

– Қазақстан заңнамасында балағат сөздер үшін жауапкершілік бұрыннан көзделген. Мысалы, қорлау, яғни басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде қорлау – бұл қылмыстық теріс қылық. Оны жасағаны үшін жауапкершілік 100 АЕК-ке дейін айыппұл түрінде немесе 120 сағатқа дейін түзеу, не болмаса қоғамдық жұмыстар түрінде көзделген. Бұдан әрі құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұрған адамдарға айқын құрметсіздік білдіретін және қылмыс құрамын қамтымайтын балағат сөздер мен басқа да әрекеттер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстың 73-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Жаза сот арқылы ескерту немесе 5 тәулікке дейін қамаққа алу түрінде болуы мүмкін.

Ұсақ бұзақылыққа келетін болсақ, бұл қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, ғимараттарды, өзге де құрылыстарды, тұрғын үй-жайларды бұзу, ортақ пайдаланылатын орындарды, көліктегі және өзге де қоғамдық орындардағы мүлікті бүлдіру және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер түрінде көрінеді. Басқаша айтқанда, ұсақ бұзақылық үшін әкімшілік жауапкершілік қоғамдық орындарда, айналасындағыларға сыйламаушылық білдіру, сондай-ақ, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың тыныштығын бұзып, балағат сөздер айтылған жағдайда ғана туындайды.

Балағат сөздер үшін жауапкершілік қаншалықты күшейген?

– Осы жылдан бастап ұсақ бұзақылық жасағаны үшін жаза күшейтіледі. Бұл, ең алдымен, қоғамдық тәртіпті бұзудың жолын кесу мақсатында жасалды. Қазір автобуста біреу балалардың немесе аға буын адамдардың көзінше, яғни қоғамдық орында айналасындағыларға сыйламаушылық білдіріп, қоғамдық тәртіпті бұзып, балағат сөздер айтқан жағдайда, бұл үшін айыппұл 17 250 теңгені құрайды немесе 10 тәулікке дейін қамауға алынады. 6 наурыздан бастап мұндай әрекеттер үшін 20 АЕК (69 мың теңге түріндегі жаза) айыппұл немесе 5-тен 15 тәулікке дейін қамауға алу көзделген.

Айыппұл саларда неге назар аударылады?

– Әрбір өтініш бойынша полиция қызметкерлері дәлелдемелер жинайды. Бұл азаматтардың өтініші, куәгерлердің айғақтары, сондай-ақ, құқық бұзушылықтың дыбыс-бейнетүсірілімі, қажет болған жағдайда сарапшының қорытындысы болып табылады. Құқықтық бағаны сот береді.

Жекеменшікте орын алған балағаттаулар (үй, көлік) үшін азаматтар жазалана ма?

– Бәрі нақты мән-жайларға байланысты. Ұсақ бұзақылық бойынша жауапкершілікке тарту үшін қоғамдық орындарда балағат сөздер айту, айналасындағыларға сыйламаушылық білдіру, сондай-ақ, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың тыныштығын бұзу міндетті шарт болып табылады.

Әлеуметтік желідегі балағат сөздер үшін айыппұл салына ма?

– Әлеуметтік желілерде балағат сөздер айту арқылы қоғамдық орындарда немесе айналасындағыларға сыйламаушылық танытқандардың, азаматтардың тыныштығын бұзғандардың әрекеті ұсақ бұзақылық бабымен қарастырылады.

Қай тілдегі балағат сөздерге айыппұл салынады?

– Жалпы, жоғарыда аталған жағдайлар болған кезде қай тілде болмаса да балағат сөздер айтқаны үшін жауапкершілік туындайды.

Ішкі істер министрлігінің баспасөз қызметі

ЕЛ БЕСІГІ

АТЫРАУДА 40 АУЫЛ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Рафика Абуовтың айтуынша, Атырау облысында 153 ауыл бар. Олардың қатарынан «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында даму әлеуеті бар 93 ауыл іріктеліп, соның ішінде 2019–2022 жылдар аралығында 40 ауыл қамтылды. Ал, биыл 15 ауылды жаңғырту үшін республикалық бюджеттен 5,8 млрд теңгеге 22 жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

– Мәселен, 2019–2022 жылдар аралығында мемлекеттік бюджеттен 24 млрд теңгеге 41 жоба іске асырылды. Бұл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы 15 нысанды, 20 әлеуметтік инфрақұрылым нысанын (білім беру, денсаулық сақтау, спорт) және 6 көлік инфрақұрылым нысанын (ауылшілік жолдар) салуға, реконструкциялауға және жөндеуге мүмкіндік берді, – деді Р.Абуов.

Сонымен қатар «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында облыста 768 жұмыс орны ашылды. Жалпы, елімізде бағдарлама аясында 3,5 мың ауыл жаңғыртылуда. 2023 жылы 736 ауылда 143 млрд теңгеге 1,5 мың жобаны іске асыру жоспарланған: 119 жоба ТКШ саласында, 275 жоба әлеуметтік инфрақұрылым бөлігінде, сондай-ақ, 1,1 мың жоба ауыл ішіндегі жолдардың жағдайын жақсарту бойынша іске асырылмақ.

Ш. ҚАРАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бірақ, бұл жерде, шалақ өрісті патша ой түйгендей, мәселе оның «коммунистігінде» емес, оның ізденімпаз біліктілігінде, саяси сауатының жоғарылығында, әрі осындайда үлкен билік иесіне ауадай қажет полемикалық айтыс-тартысқа жүйріктігінде, мемлекеттік лауазым иесіне лайықты жан-жақты қабілеттілігінде болса керек. Осыдан кейін, тіпті, көп жиындарда, пленумдық мәжілістерде Жұмабек Ахметұлы өзгелерге үлгі қылып, атап айтқан кездері де болыпты.

Бірақ, бұл амалсыз мәжбүрліктен туындаған, солқылдақ сыйластық көпке созылмаған, арада аз уақыт өтпей, Ж.Ташеновтің мемлекеттік мәселелер тұсындағы берік ұстанымы, әсіресе, өз республикасының территориясына қатысты компартия шешімімен қасарыса қарсыласуы, сол тұста ешбір жан тіресуге жарамай, тайсақтайтын өзіне осы, қайдағы бір қазақтың «жынына тиіп», бетінен ала беруі – Хрущевке мүлде ұнамағаны былай тұрсын, азуын басып өшіккені, қыр соңына түсіп алғаны аян. Сол Қазақстан жерін бөлшектеу туралы атышулы айтыс-тартыстар ушығып, шиеленісе түскен уақытта да, Жұмабек Ахметұлы одақтық компартияның бюро пленумдары мен мәжілістерінде таңдай қақтырар қайсарлық пен өжеттіктің, білімпаздықтың кемел өнегесін танытыпты. Н.Хрущевтің



Досжан ƏМІР, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы

«КІСЕНДЕУЛІ ЖОЛБАРЫС»

өзін тәубесіне түсіріп, бетін қайтару, санасуға мәжбүрлеу оңайға түспегені анық.

Кремль шешімі жарияланып, енді мақұлдануы ғана қалып тұрған айтыс-тартыста, сөз Ж.Ташеновке берілген. Бұл арада, бәрібір жоғарының шешімі қабылданатыны күмән тудырмаған, оған ақырғы сөз тек партиялық сыпайыгершілік үшін ғана берілгенге ұқсайды. Болмаса, Н.Хрущев бастаған топқа партия шешіміне қарсы келе алмай, жүні жығылған, жер болып жеңілген Ж.Ташеновтің төменшіктеген, қор болған түрін көру қызық болып көрінді ме, кім білсін?.. Ал, қайран сабаз өзіне берілген соңғы мүмкіндікті қалт жібермеген, орнынан атып тұрып, бюро мүшелеріне қырғидай шүйлікті: «Сіздер неге коммунизм идеяларын бұзып шешім қабылдайсыздар? Мен бұл мәселенің шешілуі түгілі, күн тәртібіне қойылуына қарсымын» – деген. Әрине, билік басындағылар өре түрегеледі, әрине, неге бұлай деген сұрақтар қойылады. Сонда, қазақ қайраткері сарпай: «Себебі, сіздер таратып бергелі отырған жерде біздің ата-бабамыздың сүйегі жатыр. Олардың ежелден қазақтың тарихи жерлері екендігіне басқа қандай дәлел керек? Мынадай шешімдеріңізбен ешбір қазақ келіспейді!» – деп мәселені төтесінен бір-ақ қайырған. Сіресең партиялық бюрократиялық жүйе де, әрине, қасарыса қарсыласады, олардың қайрауымен қаһарына мініп, зілденген Н.Хрущев орнынан атып тұрып қолын оңды-солды сермеп, президиум столын жұдырықтап: «Орталық партия комитетінің шешіміне қарсы шығатын сен кімсің өзі? Біз саған сенім білдіріп, республиканың басшылығына дейін көтердік, ал сенің айтып тұрғаның мынау», – деп жеп қоярдай өршеленді. Жұмабек Ахметұлы өзіне тән байсалдылықпен, қасқайып тұрып: «Еліміздің Конституциясында «әрбір республиканың жері – оның бұлжымас меншігі» делінген. Сонда сіздің Кеңестер Одағының Конституциясына қарсы шыққаныңыз ғой. Егер мемлекеттік Конституция талабы бұзылатын болса, біздің халықаралық ұйымдардан араша сұрауға қақпымыз бар» – дей отырып, жер туралы қабылданған лениндік декрет қаулыларын алға тартады.

Осы тұста Мәскеу басшысы не айтарын білмей тұқырады. Бірақ, жеңіліп қоя салуға тағы болмайды. Содан өршеленіп: «Не істеу керектігін біз сенсіз де білеміз, қай республикаға қандай жер беруді Орталық Комитет шешеді, біз сенен сұрамай-ақ шешім қабылдай аламыз», – деп партия атынан дөңбейт көрсеткенмен, саяси бюро мүшелері алдында даусы бәсеңдеп, берекесі кетеді. Бұл кембағал басшының оңбай жеңіліс тапқанын дәлелдегендей. Көзқорғандардың естелігі бойынша, айтулы оқиға барысы осылай өрбіген.

«Егер қазақ халқы бір ұлына қарыздар болса, ол – Ж.Ташенов!»

Турасын айтқанда, сол жолғы Жұмабек Ахметұлының табандылығы мен қайсарлығы, жағдайды тез барлап үлгеріп, инициативаны батыл қолға алып, осындай маңызды тайталасты дәлелді уәжбен ұтпаса, баяғының билерінше саңқылдап, жерімізге араша түсе алмаса, Кремль басшылығының шешімі бұлжымай қабылданатыны айдан анық еді. Осы еліміз үшін маңызы зор оқиға барысына куә болған, кезінде Қазақстанды басқарған қайраткерлердің бірі, ұйғыр ұлтының перзенті Исмаил Юсупов Жұмабек Ахметұлының сол кездегі жарқылдап көзге түскен, елі үшін шырылдаған ісі мен ерлігіне, бетқаратпас жігері мен өжеттігіне таңданысын жасыра алмай: «Егер қазақ халқы бір ұлына қарыздар болса, ол – Ж.Ташенов!» деген екен. Бұдан асырып қалай айтуға болады? Өзге еңбегін айтпағанда, Қазақстанның бес облысын аждаһаның көмейіне жұтылып бара жатқан жерінен жұлып алғандай болып, аман сақтап қалған ерлік ісіне осындай зор баға беруге тарлық жасап, іштарлық көрсетуіміз де дұрыс болмас! Қазақтың марғасқа перзенті көп, бірақ, бәрін біртұраға баламасыз, әрқайсысының осылай тұғырын көтеріп, даралай бермеспіз-ау!

Бұл пікірдің әділетке жақындағы сол, өзге ұлт өкілінің аузымен айтылып, мойындалып отыр. Егер өз аузымыздан шықса, әдеттегідей қазақы жайдақ мінезбен, бұл – бұра тартушылық, жершілдік пе, жікшілдік пе, әйтеуір бір, әлдеқалай мінәйі себеппен іштару деп қабылдай салуымыз әбден мүмкін...

Нар тәуекел

Осыдан кейін кекшіл басшы өзін компартияның алдында масқаралап, абырдан жұрдай еткен қазақ қайраткерінің соңына шам алып түскен. Қолдаушысы – компартия болса, қайдап оңдырысын? Ақылы келтенең кеспапаты аз болса ма, ақыры, дйттеген мақсатына жеткен...

Айтпақшы, «әулекі орыс патшасының» Қазақстанда да тілеулері, аузынан шыққанды қалт еткізбей орындайтын «қолшоқпарлары» аз болмапты. «Кісендеулі жолбарыс» атануына солардың тигізген «септігі» аз болмаса керек. Қазақстандағы оның «жансыз шпионы», Орталық Комитеттің ашық сойылын соғушылардың бірі, Тың өлкелік партия комитетінің басшысы Т.Соколов болыпты. Бір жолы осы шовинистік пиғылдағы басшы республика билігіне бағынбай, сірә, бюджетті бөлу, орнымен жұмсау мәселесінде тек мәскеудегілермен ғана санасып, солардың бұйрығымен

әрекет еткен. Осыған қатты наразы болған Жұмабек Ахметұлы бірде Алматыдан тың орталығы – Целиноградқа шып келіп, шұғыл мәжіліс ашқан. Әрине, Соколовтың жоғарыдағы жарылқаушыларының демеуімен күшейетіні түсінікті. Мұны іштей жақсы біліп, желдің қай жақтан соғып тұрғанын сезсе де, ол мәжіліс үстінде тың өлкесінің басшысын жерден алып, жерге салған: «Жолдас Соколов, келер жылдың бюджетін неге бөгеп отырсыз, Қазақстанға бағынғыңыз келмесе, 24 сағаттың ішінде бұл жерден табаныңызды жалтыратыңыз. Есіңізде болсын, тың өлкесі ешқашан да Ресейге берілмейді. Ана жақтағы бастықтарыңызға да осыны жеткізіңіз...» – деген. Әрине, жеткіз меесе де, бұл сөздердің заматта жоғарыға баяндалары анық. Осының бәрі «әулекі Никита патшаның» жынын қоздыра түскен.

Осы Соколов сияқты, Ж.Ташеновтің соңына салып қойған Н.Хрущевтің жандайшаптарының бірі өзінің бірінші орынбасары Ф.Козлов болған. Ж.Ташеновтің республикада үкімет тізгінін енді қолына алған 1961 жылы, қыстың қаттылығынан, еліміздің солтүстік, орталық облыстарында жем-шөп жетіспеушіліктің салдарынан мал қырыла бастапты. Осы кезде бар жауапкершілікті мойнына алған Ж.Ташенов мемлекеттік бөлініс бөрінен қордан облыс, аудандарға көмек таратқызып береді. Сөйтіп, жаппай белең алып бара жатқан құттық бетін қайтарған. Іс жүзінде осылты бөліп тұрса да, мұндай әрекет Мәскеудің араласуынсыз, тікелей рұқсатынсыз қылмыспен пара-пар басыздық саналған.

Қарап отырсақ, Ташеновтің әр қадамы осындай оқыс шешім мен әрекетке толы, қайран ер үнемі нартәуекелмен қызмет атқарған. Сол жолы да Кремль оның бұл «бассыздығын» елеусіз қалдырмай, кезектен тыс Министрлер кеңесін шақыртып, біраз «сілкілесе» керек. Түптеп келгенде, оларға кергі – қазақ малының аман қалуы емес, осындай қолайлы мүмкіндікті пайдаланып Ж.Ташеновті «тәубесіне келтіріп алу» болғаны түсінікті. Козловтың: «Мемлекеттік қорды таратуға кім рұқсат берді? Өз бетіңше шешім қабылдайтын сен кім едің?» – деуі сондықтан. Ал Ж.Ташенов еш саспастан мінбеге көтеріліп: «Қазақстанның өз байлығын өзі жұмсауға құқығы бар. Оның үстіне, республикада кезек күттірмеген шұғыл апаттық жағдай орын алды. Ол қорды осындайда пайдаланбағанда, енді қашан?» – деп өздеріне кінә артып, нақты дәлел-аргументтер келтіре отырып, өзін түтіп жердей сайланып келген президиум мүшелерінің аузын ашқызбай, жеңіп шыққан.

Ж.Ташеновтің қарым-қабілетінің мол екенін жақсы білсе де, Н.Хрущев оны біржола тұқыртып, жер қуыды ойлап, қызмет дәрежесін төмен-

детіп, 1961 жылы Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына тағайындатқан. Сірә, қас жауының рухын сындырып, жүні жығылған, дәрменсіз қалпын көріп, айызын қандыруды ойлаған. Үлкен қайраткердің халық алдындағы беделін түсіріп, республиканың жоғары дәрежелі басшысын осындай жолмен қорлағысы келсе керек. Бірақ, кемақыл басшының өкінішіне орай, Ташеновтің абыройы бұрынғыдан да биіктей түскен, оның империялық өктемдікке қарсы көрсеткен қайсар іс-әрекетінен хабардар болған тілеулер дүниенің әр қиырынан табылып, хабарласып, оған зор қолдау білдірген. Ең бастысы, өзі қызметке барған шымкенттіктер ортасы оны үлкен қуанышпен қарсы алыпты. Ол кездегі Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығын В.Ливенцов атқарыпты. Әділет үшін айтуымыз керек шығар, бұл кісі Жұмабек Ахметұлына деген ел ықыласын көзімен, мойындауға мәжбүр болған. Ол 1964 жылы Мәскеудің арнайы жіберген өкілі қатысып отырған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мәжілісінде: «Н.Хрущев Жұмабек Ташеновтің намысына тимек болып, қызметін төмендетіп, бізге облатком төрағасының орынбасары етіп жіберсе де, ол өзінің таңғажайып қабілетінің арқасында Оңтүстік Қазақстан аумағында ең құрметті адам болып отыр» деп мәлімдеген. Сірә, Мәскеу өкілінің көбірек білгісі келіп отырғаны да, осы мәселе болса керек.

Қазақстанда ұлт әдебиеті өкілдерінің ақталуына тікелей ықпал еткен, оның белсене араласуымен С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиндер әдебиетімізге қайта оралып, інжу-маржандай еңбектері көп тиражбен басылып, халқымыздың баға жетпес байлығына айналған. Сондай-ақ, ол репрессия жылдарында «ұлтшыл» деп айыпталып, жазаға іліккен Е.Ысмайылов, Е.Бекмаханов, Х.Есенжанов, Б.Сүлейменов, М.Қаратаев, З.Шакин, Қ.Бекқожин сияқты біраз қаламгер, ғалымдардың ақталып, түрмеден босатылуына жәрдемдескен. Кейде осындай ауқымды істер өздігінен шешіліп жатқандай атүсті сөз қылып өте шығамыз, ал, сол қаратүнек бұлт басқан кезеңде, шын жанашыры, жоқтаушысы табылмаса, мұндай мәселелердің жабулы қазан жабулы күйінде қалып келгендігін ұмытпайық. Мұндай күрделі азаматтық, адамдық істерді біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды, бәрібір жарқ етіп, көгімізге көтеріліп, қайта жаңғырары сөзсіз.

Қазақ басылымының жанашыры

Осы кезеңдерде қазақ баспасөзінің мүшкіл хал кешкендігі белгілі. 1958 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің ұлтшылдық бағыты туралы мәселе көтерілген. Бұл – сол кездегі саяси идеологияның ең басты, «жаңды жері». Қарап отырсақ, большевиктік үкімет өзінің жетпіс жылдық ғұмырында қазақ ұлтшылдығының өрістеуін қатты назарда ұстап, мейлінше қадағалап отырған. Мұндай маңызды жиындарға міндетті түрде Мәскеу өкілі қатысуы шарт болған. Осы бюрода газеттің ұлтшылдық бағытын жою әрекеті қарастырылған. Ең алдымен, газет ұжымы мен басшылығының пікірі тыңдалатын болғанда, Шәріпов деген тәжірибелі газет журналисі, сірә, арнайы тапсырма алған, сөз сұрап алып, бұл газетті «Социалистік Қазақстан» газетінің қосымшасы ретінде шығару тиімді болды деген ойын айтқан. Соны естіген Ж.Ташенов ашуға бұлығатын орнынан атып тұрып: «Бұл газетті ашқан да сен емес, жабатын да сен емессің!» – деп бетін қайырып тастаған. Сол кезде газет редакторы, белгілі ақын Сырбай Мәуленов болған. Жұмабек Ахметұлы оған түйіле қарап: «Сенің ойың қалай?» – деп сұрап, ақынның жалтақтаған түрі ұнамай қалған соң, іле-шала: «Мәймөңкелемей, ойынды ашық айт! Газетіңді қорғаймысың ба?» – депті аузына сөз салғандай. Қысқасы, жабулыдың сәл-ақ алдында тұрған газетті сақтап қалған. Дәл осы жылы, Ж.Ташенов Мәскеуде қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігін өткізу мәселесін қолға алып, ұйымдастырған. Сонау 1936 жылы атақты Жамбыл атамиз, С.Сейфуллин, М.Әуезов сияқты әдебиет алыптары мен Күләш, Шара, Қалибек, Иса сияқты өнер майталмандарының қатысуымен зор табыспен өткізілген онкүндік, арадағы аласапыран, соғыс жылдарында тоқталып қалғанда, осы игі дәстүрді жаңғыртқан. Осы онкүндікте Мәскеудің талғампаз жұртының алдында ең алғаш өз өнерімен танылған бес дарынға КСРО халық әртісі атағын бергізген. Көптеген ұлт зиялыларына, ақын-жазушыларға, ғалымдарға жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп арнайы үй бөлгізген. Осы істерінің бәрі Мәскеу билігінің ашу-ызасын тұтатып отырған. Осындай ғажайып ерен істері Н.Хрущев сияқтылардың көзіне шектен шыққандық болып көрініп, «ұлтшыл» деген айып тағылған...

Бейбіт өмірдің батыры

Әрине, қанша қоғамның әділетсіздігін айтсақ та, игілікті істің ешқашан құны түспейді, олардың есімін халық жүрегінен ешкімнің жұлып тастай алмайтыны анық. Саяси идеологияның қысымына қарамастан, Жұмабек Ахметұлы туралы өз кезінде әділетті пікірлер көп айтылыпты, жазылыпты. Халықтың барометріндей болған Бауыржан Момышұлы бір жылында: «...Жұмекең қан майданда етігінен су кешпесе де, бейбіт өмірдегі сұрапыл аяқасты жүрегінен өткізген адам. Бұл кісі – бейбіт өмірдің батыры. Біле білсеңдер, төбелеріңе көтеретін азаматымыз» депті. «...Маған кергілі лауазым емес, қазақ халқының бірлігі мен тұтастығы. Ол арманым жеттім. Елім, жерім орнында!» деп Жұмабек Ташенов. Елге қызмет етіп жүрген әр азамат осындай мұратпен, ізгілікпен ғұмыр кешсе, арман бар ма?!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бірақ бұл шындыққа жанаспайды. Шетелге шығарылған ақшаны қайтару бойынша барлық қажетті құралдар жиынтығы жасалып қана қоймай, жүйеленіп, 2014 жылы менің авторлығыммен «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтар (түсініктемелер, нормативтік-құқықтық актілер, халықаралық конвенциялар)» тақырыбында жеке еңбек болып мемлекеттік және орыс тілінде басылып шыққан.

Атап айтқанда, ұлттық заңнамада ұлттық және шетел валютасын репатриациялау талаптарын орындамағаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік көзделген. Әрине, бұл құқық қолдану тәжірибесінде барлығын бірдей қылмыстық жауапкершілікке тарту қажет деген сөз емес, өйткені, кінәлі белгілі бір тәртіпті орындаған жағдайда, мысалы, заңсыз шығарылған капиталды өз еркімен қайтаратын болса, қылмыстық жауапкершіліктен босатудың заңмен белгіленген тәртібі бар.

1995 жылғы 30 наурыздағы №2155 «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» заңының 56-бабының 7) тармағына сәйкес,

Өмірсерік ҚОЖАБАЕВ,

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:



ескере отырып, біз көптеген жылдар бойы бұйрық шығарудан басқа ештеңе жасалмады деген қорытындыға келеміз, бұл сот практикасының жоқтығын көрсетеді.

– Аталған құқықтық актілерден көрініп тұрғандай, Қазақстанда ақшаны қайтару үшін нормативтік база бұрыннан бар. Валюталық реттеудің тәртібі мен тетігі толық көлемде әзірленген. Сондай-ақ, қаржылық мониторинг жүргізуге құзыретті органдардың функциялары мен өкілеттіктері көптеген актілермен және бұйрықтармен айқындалған. Осындай заңнамалық құқықтық база бола тұра, жекелеген ведомство басшыларының қоғалысыз отыруының сыры неде?

– Ниет болса, бұл бағытта үлкен істер тындыруға болады. Ал енді оффшорлық аймақтардан ақша қаражатын қайтару үшін органдар мен комиссия құруға келетін болсақ, заңның өзінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді реттеу (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі шараларды әзірлеуге, сондай-ақ, кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін азай-

әрекеттеріндегі ең бастысы – өзіңді ұстап бермеу», – деген әзіл аралас дәйексөзі еске түседі.

Жоғарыда айтылғандай, экономикалық құқықбұзушылықтарды ҚМА тергеуі тиіс, бірақ іс жүзінде қазіргі уақытта бюджет қаражатын жұмсауға байланысты қылмыстардың маңыздыларын, рейдерлік әрекеттерді ашумен және тергеумен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет көбірек айналысады. Сөйтіп, олар өздерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге бағытталған тікелей міндеттерін атқарудың орнына бар уақыты мен қаржысын өздеріне тән емес міндеттерді орындауға жұмсайды. Олардың еңбегіне, әрине, зор ризашылығымызды білдіреміз. Сонда басқа құзырлы органдар қайда, неге олар да өзінің үлесін қоспайды деген орынды сұрақ тууы сөзсіз.

Сондықтан ұлы Конфуций «Егер мақсаттарға қол жеткізу мүмкін болмаса, мақсаттарды реттемеңіз, әрекеттерді реттеңіз» дегендей, нақты әрекеттерге көшудің уақыты енді келді. Өйткені, бір жерді таптап, жетер мақсатты қайталап айтып тұра беру, заңсыз шығарылған капиталды елге қайтару жөніндегі мемлекет саясатының жүзеге асырылмауының белгісі және ол азаматтық қоғамның наразылығына алып келуі ықтимал. Осы орайда Ромен Ролланьның:

«ПРЕЗИДЕНТТІҢ ШЕТЕЛГЕ ШЫҒАРЫЛҒАН КАПИТАЛДЫ ҚАЙТАРУ БОЙЫНША БЕРГЕН ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛМАЙ ОТЫР»

Ұлттық банкі Қазақстан резиденттерінің репатриациялау талаптарын орындауын қамтамасыз ету мақсатында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды. Сондай-ақ, шетел валютасындағы активтерді қайтару жөніндегі бақылау функциясын орындау тәртібі мен тетігі ҚР 2018 жылғы 2 шілдедегі №167-VI «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заңымен егжей-тегжейлі реттелген.

Жоғарыда көрсетілген заңның 9-бабы 3-бөлігінің 5-тармағына сәйкес, ҚР Ұлттық банкі басқа да валюталық бақылау органдарымен және агенттерімен бірлесіп, резиденттердің (шетелдік ұйымдардың филиалдарын (өкілдіктерін қоспағанда) репатриациялау талабын орындауын бақылау мақсатында экспорт немесе импорт бойынша жекелеген валюталық шарттар аясында ақша қозғалысының және өзге де міндеттемелердің орындалуына мониторинг жүргізеді.

Осы мониторингтің мақсаттарын орындау үшін, экспорт немесе импорт бойынша валюталық шартқа қызмет көрсететін өкілетті банк оған есептік нөмір береді, ол кейіннен валюталық бақылау органдарына экспорт немесе импорт бойынша валюталық шарт есептерін ұсынған кезде көрсетіледі. Демек, Ұлттық банкі бақылаушы орган ретінде, Президенттің заңдары мен актілеріне сәйкес, валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы міндеттерді атқаруға құқылы.

– Біздің еліміз шетелге шығарылған қаржыны қайтару бойынша бірталай халықаралық құжаттарды ратификациялағаны белгілі. Осыны бағдар етіп те талай түйінді мәселені шешуге болмай ма? Жалпы, біздің заңдар мен құжаттардың қағаз жүзінде қалатыны қалай?

– Расында, біз заң қабылдап, халықаралық конвенцияларды ратификациялаудан, қаулылар дайындаудан кенде болып отырған жоқпыз. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңы да бар. Ол ақшаға және өзге мүлікке қатысты күдікті операцияларды немесе клиенттің операцияларын (осындай операцияның әрекетін жасау процесіндегі немесе жасалған операцияны қоса алғанда) анықтау тәртібін айқындайды және оны жасауға жұмсалатын ақша және (немесе) өзге де мүліктер қылмыстық қызметтен түскен табыс деп танылады.

Айта кетейік, Қазақстан бірқатар халықаралық шарттарды ратификациялады, оның ішінде 2012 жылғы 25 қазандағы № 47-V «Кеден одағының шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және ақша құралдарын

өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы шартты ратификациялау туралы» заңы да қабылданды. Онда мүше мемлекеттердің кеден органдарының мүше мемлекеттерінің құқық қорғау және уәкілетті органдарымен өзара бірлесіп, кедендік шекара арқылы қолма-қол ақша қаражатын және ақша құралдарын өткізуді тоқтата тұру және оларды қайтару жөніндегі іс-қимылдар бойынша шаралар қабылдау тәртібі нақты реттелген. Сондай-ақ, «Қылмыстық қызметтен түсетін кірістерді жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы» Еуропа Кеңесінің Конвенциясын (Страсбург), БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын, БҰҰ-ның 1999 жылғы 9 желтоқсандағы «Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы» халықаралық конвенциясын (Нью-Йорк), Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясын ратификациялады (1883 жылғы 20 наурыз), Сондай-ақ, БҰҰ-ның 1988 жылғы 20 желтоқсандағы «Есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы» Конвенциясын (Вена) ратификациялады.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған конвенцияларда, шарттарда бекітілген Экономикалық құқық-бұзушылықтарға қарсы күрес бойынша халықаралық стандарттар бар, олардың мазмұнына жекелеген ел өз бетімен түзету енгізе алмайды. Бұл стандарттарды әлем елдерінде ақшаны жылыстатуға қарсы күресті жүзеге асыратын халықаралық қаржылық барлау бөлімшелері де пайдаланады («Эгмонт» тобы, FATF). 2011 жылы осы ұйымға қабылданған Қазақстан да аталған ұйымның мүшесі болып табылады, бірақ, өкінішке қарай, өзінің халықаралық міндеттемелерін орындамай отыр.

Жоғарыда аталған заңдар мен халықаралық конвенцияларды орындау үшін ҚР Үкіметінің Қаулысы, қаржы мониторингі субъектілерінің қызметін бақылайтын ведомстволар арасында көптеген бірлескен бұйрықтар қабылданды, атап айтқанда:

– ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 қарашадағы №1484 «Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржылық мониторингке жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат беру қағидаларын және күдікті операцияны айқындау өлшемшарттарының белгілерін бекіту туралы» Қаулысы;

– ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 ақпандағы №956 «Қаржы мониторингі субъектілерінің турлері бойынша клиенттерді тиісінше тексеру үшін қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығы;

– «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға

қарсы іс-қимыл туралы» заңының мақсаттары үшін Қаржы министрінің 2010 жылғы 10 ақпандағы №952 оффшорлық аймақтардың тізбесін бекіту туралы бұйрығы;

– ҚР Бас Прокурорының 2011 жылғы 18 қазандағы №96 және ҚР Қаржы министрінің 2011 жылғы 27 қыркүйектегі №489 «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты ақпарат алмасу және материалдарды беру жөніндегі өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы (экстремизм);

– Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 тамыздағы №444 және Қаржы министрінің «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Ақпарат алмасу және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді (экстремизмді) қаржыландыруға байланысты материалдарды беру жөніндегі өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы.

Сонғыларының бірі Қаржы мониторингі агенттігі төрағасының 2021

туға бағытталған шараларды үйлестіру мақсатында құрамына келісім бойынша Қазақстанның құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың өкілдері кіретін Ведомствоаралық кеңес құру көзделген.

Бұл жағдай жауапты мемлекеттік органдардың тарапына (негізінен, ҚР Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес, барлық экономикалық қылмыстар тергеуге құқылы ҚМА тарапына), ҚР Президентінің тапсырмаларын орындау үшін шаралар қолданбай отырғанына орай көптеген күмәнді сұрақ туындайды. Және бұл жерде «Қазақстаннан заңсыз шығарылған және шетелге аударылған ақша қайтып орала ма?» деген ең маңызды мәселенің басы ашық тұр.

Мүмкін, ҚМА-ның кадрлық әлеуеті капиталды қайтару бойынша өз міндеттерін толық орындауға мүмкіндік бермейтін шығар, өйткені, валютаны заңсыз репатриациялау үшін жауапкершілікті көздейтін заң мәтінін түсіну және зерделеу өте қиын. Ол құрылымы бойынша бланкеттік нормаларға жатады. Заңсыз әрекеттерге дұрыс құқықтық баға беру үшін, қызметкерлер заңнаманың әртүрлі салаларының нормативтік актілеріне, ең алдымен, қаржылық, әкімшілік, азаматтық ережелеріне

«Тірілерден де өміршен өлгендер бар. Бірақ өлгендерден бетер тірілер бар», – деген даналық сөзі ойға оралады. Бұл тағылымды сөзге айтылғандай ҚР Президентінің заңсыз шығарылған капиталды елге қайтару туралы идеясын іске асыруға қабілетті, кеудесінде жаны бар, мәселеге дұрыс баға беретін уәкілетті органдардың адамдары қалмаған сияқты көрінеді маған.

– Президент тапсырмасын орындамау – халықтың билікке деген сенімін төмендетеді. Мұны жауапты органдар білмей отыр ма? Неге әлі күнге әрекетсіз?

– 2022 жылғы 28 желтоқсанда ҚР Премьер-Министрінің өкімімен осы мәселе бойынша 2022 жылғы 20 қарашада жарияланған Президент Жарлығын іске асыру шеңберінде заң жобасына ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды. Яғни, нақты шаралар қабылдаудың орнына билік құрылымдарында жаңа заң қабылдау қажет деген сылтаумен Президент тапсырмасының орындалуына салғырттық таныту жалғасуда. Және мұның бәрі қолданыстағы заңнаманың бірде-бір ережесі капиталды қайтару идеясына қайшы келмейтініне және қажет болған жағдайда қолданыстағы заңнамаға ситуациялық өзгерістер енгізе отырып, олармен баяғыдан бері айналысуға болатындығына қарамастан орын алуда.

Сонымен қатар, бүгінгі күнге биліктің бұл әрекетсіздігіне оппозициялық немесе патриоттық көзқараспен қарайтын азаматтардың бірлестіктері өздерінің капиталды қайтару жөніндегі жұмыс топтарын құра бастады, әртүрлі қоғамдық зерттеулер жүргізіп, биліктің әдейі уақытты созып, капиталды қайтаруға мүдделі емес екенін, т.б. жайларды түсіндіре отырып, журналистік зерттеулер жүргізуге шақыра бастады. Бұлай бола берсе, мемлекеттің де, тікелей Президенттің де беделіне нұқсан келері сөзсіз. Сондықтан Президенттің елге ақшаны қайтару жөніндегі нұсқауларын орындау бойынша одан әрі әрекетсіздік пен салғырттық қалың бұқараның наразылығын тудырып, арты жақсы болмауы мүмкін. Мұны кейінгі кезде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы жүрген жаңалықтардан байқауға болады.

Қалай болғанда да, біз ҚР Президентінің заңсыз шығарылған капиталды қайтару туралы тікелей тапсырмаларын орындауға мемлекеттік органдардың құлықсыздығын немесе қабілетсіздігін тілге тиек еттік. Екі жағдайда да болашаққа тұжырымдар жасауға болады және бұл тұжырымдарды біз болмасақ, азаматтық қоғам мен қоғамдық пікір қозғалыстары жасайды.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет!

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

Кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленген. Мұнда активтерді қайтару жөніндегі Ұлттық үйлестірушінің құру, қандай да бір саясатты жүргізу, қажетті құқықтық негізді қалыптастыру туралы айтылады. Бірақ, бұл қадамның шындыққа үйлесімсіз және сауатсыз жасалған, дұрысы, белгілі бір адамдардың қайтарылатын қаражатын жасыруна жазғай мен шүкіндік жасау мақсатында, Мемлекет басшысы қойған міндеттерді орындаудан қасақана жалғары деп бағалай еді. Өйткені, қолданыстағы актілердің орнына жаңа құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау және шығару ұзақ уақыт алады. Бұл өз кезегінде ақшаны қайтару бойынша нақты нәтижеге қол жеткізбей үшін таламша жазғай жасайды. Сөйтіп, еліміз үшін дәл қазіргі кезде құнды болып отырған қақтығысты ұстап жіберіп алады.

жылғы 16 тамыздағы №7 және Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 16 тамыздағы №80 «Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының орындалуына тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы және мемлекеттік органдар мен қаржы мониторингі субъектілерінен кірістерді заңдастыру (жылыстату) тәуекелдерін бағалау үшін деректер жинау әдіснамасы бойынша Қаржы мониторингі агенттігі төрағасының 2022 жылғы 23 ақпандағы №14 «Кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы болып табылады. Осылайша, нақты нәтижелерді

жүгінуге керек. Сонымен қатар, валюталық кірісті қайтарудың көптеген мәселелері халықаралық шарттармен реттеледі. Осыған байланысты жария және жеке заңнама нормаларын қолдануда қайшылықтар туындауы мүмкін. Әдетте, заңды білмеу, түсінбеу орындаушының іс-әрекетіне кедергі келтіреді және бұл көрер көзге анық байқалып тұрады.

Сонымен қатар, капиталды шығарудың заңдылығын тергеу мәселелері «елге инвестиция тарту» және тағы басқа да желеумен ұлттық компанияларды шетелге сатудың көлеңкелі жағына алып келуі мүмкін, бұл, сайып келгенде, осы құрылымның кейбір қызметкерлерінің өздеріне де қатысы барын көрсетуі мүмкін. Бірде-бір транзакцияны Ұлттық банк, ҚМА-ның және басқа да құзырлы органдардың қатысуынсыз жүргізуге болмайтындығын ескерсек, КСРО Сыртқы істер министрі А.Я. Вышинскийдің: «Тергеу

БРИФИНГ

ҚҰРМЕТ

СОТ ІСІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҮЛЕСІ БАСЫМ



Жамбыл облысы Байзақ аудандық сотында 2022 жылдың 12 айында атқарылған жұмысты қорытындылау мақсатында брифинг өтті. Шараны сот төрағасы Досжан Төленбеков жүргізді. Брифингке жергілікті «Ауыл жаңалығы – Сельская новь» газетінің журналисі А.Нарбатыр қатысты.

Іс-шара барысында сот төрағасы Д.Төленбеков 2022 жылдың 12 айындағы жұмыс көрсеткіштерінен хабардар етті. Есепті кезеңде аудандық сотта 63 әкімшілік іс, 828 азаматтық іс, 91 тұлғаға

қатысты 76 қылмыстық іс, 674 тұлғаға қатысты 674 әкімшілік құқықбұзушылық бойынша іс қаралған. Сонымен қатар, қылмыстық істер бойынша 78 тұлғаға қатысты 69 үкім, азаматтық істер бойынша

455 шешім шығарылған. Билер кеңесінің қатысуымен сотта медиация тәртібін қолдану арқылы азаматтық істер бойынша қысқартылғандар саны – 88, әкімшілік құқықбұзушылық бойынша істер саны 93 екендігін айтып өтті.

Сондай-ақ, Байзақ аудандық соты 2022 жылдың 12 айында БАҚ-пен тығыз байланыста жұмыс істеген. Соның нәтижесінде өткен жылы жергілікті және республикалық газет беттерінде барлығы 60 мақала жарияланған. Бұл аудандық соттың журналистермен ынтымақтаса жұмыс жүргізіп келе жатқанын, кез келген сауалға дер кезінде жауап беріп, кез келген түйткілді бірігіп шешетінін көрсетсе керек.

Сонымен қатар, төрағалық етуші қазіргі таңда сот өндірісіндегі мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейіне тоқталып: «Мемлекеттік тілді да-

мыту, қолдану бағытында кешенді шараларды қолға алып, сот жүйесінде үлкен көрсеткіштер көрсету қажет. Байзақ аудандық сотының өндірісінде 2022 жылдың 12 айында жасалған ішкі құжаттардың саны 1327, оның ішінде мемлекеттік тілде дайындалғаны – 1325, яғни 99,85%, кіріс хаттары –7562 құжат, оның ішінде мемлекеттік тілде дайындалғаны 4867 немесе 64,36%, шығыс хаттары –7744 құжат, оның ішінде мемлекеттік тілде әзірленгені –7730, немесе 99,82% құрады.

Сондай-ақ, Байзақ аудандық сотының өндірісіне 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап желтоқсан айының 30-ы аралығында барлығы 1641 іс қаралған, оның 78,1% мемлекеттік тілде» – деп нақты статистиканы ортаға салды.

Брифинг соңында Д.Төленбеков аудандық «Ауыл жаңалығы – Сельская новь» газеті журналисінің барлық сұрағына жауап берді.

Байзақ аудандық сотының баспасөз қызметі ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ



ЕҢБЕКТІҢ ЗЕЙНЕТІН КӨРГЕН ЖАҚСЫ

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №72 мекемесінің жеке құрамы өз әріптестерін салтанатты түрде құрметті демалысқа шығарып салды.

Қылмыстық-атқару саласында абыройлы қызмет етіп, ішкі істер органдарында қызмет жасаудың шекті жасына жеткен мамандарға Тергеу изоляторының ұжымы сый-сияпат көрсетіп, ұзақ жылғы жемісті еңбектеріне алғыс білдірді.

Салтанатты шараның куәгерлері Тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісі, әділет майоры О. Утанов, Тергеу изоляторы бастығының емдеу ісі жөніндегі орынбасары, әділет майоры Г.Мұсабаева, аға жедел уәкіл, әділет майоры Г.Ыдырысқұлова, фельдшер, әділет аға лейтенанты С.Малбекова, мейірбике, әділет аға сержанты Н.Алымбековалар да өздеріне көрсетілген құрмет үшін мекеме ұжымына ризашылық сезімдерін жеткізді.

Гүлнәр МАҒЗҰМОВА Алматы қаласы Суретті түсірген автор

САРАП

«Ұрлық түбі – қорлық» деген мақалға құлақ аспайтындар әлі жеткілікті. Тіпті, өзінің жасаған ұрлығына арланбайтындар баршылық. Әрине, қылмысқа бой ұру – жақсы құбылыс емес. Оларды мұндай теріс іс-әрекеттерге итермелейтін нендей күш?

Қай кезде де қылмыс қоғамдағы өткір, көкейкесті әрі өзекті мәселелердің қатарында. Осы орайда Түркістан облысында орын алған қылмыстық оқиғаларға тоқталуды жөн көрдім. Қолда бар деректер көрсеткендей, ақыл тоқтатқан адамдар арасындағы құқықбұзушылық көріністері негізінен ұрлық, тонау, өзгенің мүлкін жымқыру түрінде кездеседі. Жыл басынан бері Түркістан облыстық полиция департаментінің қызметкерлері оннан аса ұрлықты ашып, қылмыстың ізін суытпай ұрыларды тұтқындады.

Мәселен, Жетісай аудандық полиция бөліміне жергілікті тұрғын арызданған. Жас жігіттің айтуынша, түнгі уақытта «Опель астра» көлігі бұзылып қалып, көше бойына қалдырып кеткен. Осы аралықта автокөлігіне белгісіз біреу ұрлыққа түсіп, автоматогнитолласын, қымбат иіс суын, 20 мың теңге ақшасын жымқырған. Жәбірленушіге келтірілген шығын көлемі 200 мың теңгеден асады. Полицейлер бірден ұрыны ұстауға қажетті шараларға кірісті. Тәжірибелі тәртіп сақшылары куәгерлерден жауап алып, бейнебақылау камераларын тексерді, жақын аулаларды қарап шықты. Ал көліктің ішін қарау кезінде күдіктіге тиесілі ұялы телефон табылып, дәлелдеме ретінде алынды. Соның нәтижесінде келесі күні сезіктінің жеке басы анықталып, полицияға жеткізілді. Ол жергілікті тұрғын, жәбірленушінің танысы болып шықты. Анықталғандай, сол түні мас болған күдікті оңай жолмен ақша табуы ойлаған. Содан түнгі уақытта көліктің қараусыз тұрғанын, көшеде ешкім жоқтығын пайдаланып ұрлыққа түскен. Полицейлер одан айғақты зат ретінде ұрланған иіссуды тәркілеп алып, заңды иесіне қайтарды.

Келесі ұрылар төрт өгізшені ұрлап әкетіп, сойып, етін сатып жіберген. Сайрам аудандық полиция басқармасының қызметкерлері жедел әрекет етіп, аудан тұрғынының малын ұрлап, сатып жіберген күдікті екі адамды ұстады. Нақтырақ айтсақ, полицияға жергілікті тұрғын арызданып, мал қорасынан 4 бас өгізшесін белгісіз біреулер ұрлап кеткенін хабарлаған. Жәбірленушіге келген шығын көлемі 1 миллион теңге. Аталған жайтты полицейлер ҚР ҚК-нің 188-1-бабы «Мал ұрлығы» бойынша тіркеуге алып, дереу іздеу жұмыстарына кіріскен. Сайрамдық тәртіп сақшылары қылмысты ашуға бағытталған іс шаралар жүргізіп, мал ұрыларын құрықтау үшін полициядағы тәжірибелі қызметкерлерден

жедел-тергеу тобы құрылды. Оқиға орны мен оған жақын аймақтар түгел қаралып, көрген-білгендерден жауап алынды. Бейнебақылау камералары да тыңғылықты тексерілді.

Жүйелі жүргізілген жедел-іздістіру шараларының нәтижесінде полицейлер небары 4-5 сағатта күдіктілердің жеке басын анықтады. Тұрғылықты мекенжайынан ұсталған екі күдікті жәбірленушінің ауылдасы болып шықты. Полицейлер анықтағандай, сезікті екеу алдын ала сөз байласып, оңай жолмен пайда табуды көздеген. Содан жәбірленушінің қорасына арасына екі күн салып, екі рет ұрлыққа түскен. Ұрлаған ірі қараларды жіппен байлап, жетектеп алысқа, яғни, көліктерін жасырып қойған жерге апарып, бірден сойып, етін сатып жіберген. Қазіргі таңда сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Күдіктілер қамауда.

Сондай-ақ, Жетісай ауданының тұрғындары айдың-күннің аманында үйіне емін-еркін кіріп, ұялы телефонын ұрлап жайбарақат шығып келе жатқан ұрының үстінен түскен. Күндіз үй иелерінің жұмыста болатынын білген әккі ұры бір үйді тонап, екінші үйден керек затын жымқырып шыққанда құрықталды. Ер адам өз хабарламасында, үйіне белгісіз біреу кіріп, 2 бірдей ұялы телефонын ұрлап шыққан сәтінде ұстап алғанын жеткізді. Оқиға орнына шыққан полицейлер, күдіктіні полиция бөліміне жеткізді. Күдіктінің бұрын сотты болғаны, алайда 1 ай болмай қайта қылмыс жасағаны белгілі болып отыр. Сондай-ақ, тексеру кезінде күдіктінің жәбірленушінің үйінен бөлек, көрші үйге де ұрлыққа түскені анықталды. Қазіргі таңда сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде.

Жақында Төле би аудандық полиция бөліміне де жергілікті тұрғындардың бірі ұрлық қылмысының құрбаны болғанын жеткізді. Жәбірленушінің айтуынша, белгісіз біреулер үйінің есігін бұзып, үстел үстінде тұрған алтын бұйымдарын ұрлап кеткен. Жәбірленушіге келтірілген шығынның жалпы көлемі 14 млн теңгеге жуық. Қылмысты ашуға тәжірибелі полиция қызметкерлерінен жедел-тергеу тобы құрылды. Жедел-іздістіру шараларын жүргізген криминалдық полиция қызметкерлері, екі аптаға жуық уақыт өткенде күдіктіні анықтады. Ол бұрын сотталған Леңгір қаласының тұрғыны болып шықты. Белгілі болғандай, күдікті ұрланған өзгенің алтын бұйымдарын сатып, ақшасын өз қажеттілігіне жұмсаған. Біреудің



тірнектеп жинаған бағалы бұйымдарын ұрлап, қара басының қамы үшін сатқан ұрының барар жері – абақты. Бірінші жасаған қылмысынан сабақ алмаған әккі ұрының, темір тордан босап шыққаннан кейін де осы қылмысын қайталамасына кепілдік жоқ.

Ұрлық жасауға арланбай, ұрлықты күнкөрістің көзіне айналдырып алғандар да баршылық. Сөзімнің дәлелі ретінде тағы бір ашылған қылмысқа тоқтала кетуді жөн көрдім. Түркістан облысы ПД Криминалдық полиция қызметкерлері Кентау қаласында бөтеннің мүлкін ұрлаумен айналысқан екі күдіктіні ұстады. Үй ұрылары 11 адамның пәтерін кіріп, бағалы заттарын жымқырып отырған. Мәселен Кентау қаласының полиция бөліміне жергілікті тұрғын арызданып, үйінен құны 6,5 миллион теңге болатын алтын бұйымдары ұрланғаны жайында шағым түсірген. Тағы бір жәбірленуші пәтерінен ақша мен құны 1,7 миллион теңгеден асатын алтын зергерлік бұйымдарының ұрланғанын хабарлады. Осыған ұқсас қылмыстық деректер тағы да бірнеше жергілікті тұрғындардан келіп түскен.

Криминалдық полиция қызметкерлерінің жүйелі іздістіру шараларының нәтижесінде, екі күдікті бірден анықталды. Олардың бірі Кентау қаласынан, екіншісі Шымкент қаласындағы жалдамалы пәтерлердің бірінен ұсталды. Күдікті екеу бұрын бірнеше рет сотталған Кентау қаласының тұрғындары болып шықты. Қазіргі таңда күдіктілер қамауда отыр. Тергеу барысында күдіктілердің қала тұрғындарының пәтеріне кіріп, содан кейін үйдегі алтын бұйымдар мен ақшаны жымқырғаны анықталды. Жәбірленушілерге келтірілген шығын көлемі шамамен 13 миллион теңгені құрай-

ды. Ұрланған алтын бұйымдардың бір бөлігі, сондай-ақ, басқа да заттай дәлелдемелер тәркіленді.

«Бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін» жымқырып кететіндердің жазасы жеңіл болғандықтан ба, әйтеуір соңғы кездері ұрлық-қарлықтың небір түрі тіркелуде. Қолының сұғанағы бар ұрылар көзіне көрінген затты алып кете беретінді әдетке айналдырғандай. Айталық Түркістан қалалық полиция басқармасының кезекші бөліміне жергілікті тұрғындардың бірі хабарласып, құрылысқа қажетті құралдары ұрланғанын айтып арызданған. Жәбірленушінің айтуынша, белгісіз адамдар қоймадан 3 дәнекерлеу машинасы мен префораторын жымқырған. Ұрланған заттарының құны шамамен 300 мың теңге. Оқиға орнына дереу учаскелік полиция инспекторлары шықты, олар ауланы аралап, куәлардан жауап алды. Жедел-іздістіру нәтижесінде тәртіп сақшылары бейнебақылау камераларының көмегімен құрылыс заттарын ұрлаған күдіктіні анықтады. Ол бұрын ұрлық жасағаны үшін сотталған Түркістан қаласының тұрғыны болып шықты.

Жетісай ауданында орын алған тағы бір қылмысқа тоқталар болсақ, аудандық полиция бөліміне жергілікті тұрғын арызданған. Әйелдің айтуынша, оның үйінің ауласында тұрған құны 70 мың теңгелік «Стелс» маркалы велосипедін белгісіз біреу ұрлап кеткен. Орын алған ұрлық қылмысын ізін суытпай ашып, күдіктіні құрықтау мақсатында оқиға орнына жедел-тергеу тобы жетті. Жетісайлық сақшылар барлық қажетті шараларды жүзеге асырды. Көрген-білгендерден сұрастырып, ұрлық болған жерді мұқият қарап шықты. Соның нәтижесінде күдіктінің жеке басы анықталды. Ол 2020

жылы ұрлық жасағаны үшін сотты болған, бүгінде жазасын шартты түрде өтеп жүрген ер адам болып шықты. Күдікті велосипедті басқа біреуге 3000 теңгеге сатып жіберген. Велосипед айғақ зат ретінде алынып, заңды иесіне қайтарылды. Жалпы, өткен жылы Жетісай ауданында 5 велосипед ұрлығы тіркеліп, оның бәрі ашылған болатын.

Әккі ұрылар өзінің айласын асыру үшін сан түрлі құйтырқы әрекетке баратыны белгілі. Жас кезінде бейнетеніп адал еңбек етіп, зейнетінің нанын жеймін деген кезде жинағанын бұйыртпайтын ұрылар да кездеседі. Түркістан қалалық полиция басқармасының кезекші бөліміне жергілікті тұрғын ұрлық туралы арызымен жүгінеді. Ер адамның айтуынша, оның туысының зейнетақы көршісіннен белгісіз жағдайда ақша алынып, 900 мың теңге көлемінде шығын келген. Қылмысты ашу мақсатында түркістандық тәжірибелі полицейлерден жедел-тергеу тобы құрылып, іздістіру жұмыстарын жүргізді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде бөтеннің мүлкін ұрлаған күдіктінің жеке басы анықталды. Тәртіп сақшылары күдікті әйелді басқармаға жеткізді. Ол облыс орталығының тұрғыны болып шықты. Белгілі болғандай, күдікті жәбірленушінің жеке деректерін пайдаланып, «оңай пайда табу» мақсатында шотынан заңсыз ақша алған.

Полиция қызметкерлері азаматтарды ұрылар мен алаяқтардың қақпанына түсіп қалмау үшін барынша сақ болып, жеке мәліметтерін бөтен адамға бермеу керектігін ескертеді. Егер де сіз, осындай қылмыстардың құрбаны немесе куәсі болсаңыз, дереу полицияға хабарласу керек.

Жоғарыда айтылған қылмыстық жайттар ҚР ҚК-нің 188-бабы «Ұрлық» бойынша тіркеліп, сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Полицейлер күдіктілердің басқа да осындай қылмыстарға қатыстылығын анықтауда. Учаскелік инспекторлар бейнебақылау камералары арқылы ұрлық қылмысын ашуда. Бір қылмысты бірнеше рет жасаған әккі ұрылардың арасында өзінен кейінгіге ақыл айтатын, ел ағасы атанған ағаларымыз бен аналарымыз да бар. Әккі ұрылардың қылмысты бірнеше рет жасауына не себеп? Әлде біздің елімізде заң жеңіл болғаны ма? Біреудің ала жібін аттамаған, есігіне құлып салмаған қазақтың қамсыз өмірі келмеске кеткендей...

Раушан НАРБЕК ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

15. «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) 2023 жылғы 20 қаңтарда ҚР, 050012, Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 555, Басқарма ғимараты мекенжайы бойынша Басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарында байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу бойынша келесі ұйымдарда конкурстың өткізілетінін хабарлайды:

Алматы қаласы, ҚДБ ШЖҚ «№91 Калалық перзентханасы» КМК, мекенжайы: Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 492 үй;

Алматы қаласы, ҚДБ ШЖҚ «Қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығы» КМК, мекенжайы: Алматы қаласы, Жібек Жолы, 124 үй;

Алматы қаласы, ҚДСБ ШЖҚ «Қалалық паллиативтік көмек орталығы» КМК, мекенжайы: Алматы қаласы, Байзақов к. 295 үй.

Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау саласында немесе

ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымындағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды.

Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде:

1) өтелмеген немесе алынбаған сот-тылығы бар;

2) осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1) конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінше біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: ҚР, 050006, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Сейфуллин көшесі, 555, тел. 8 (727) 2288005, каб 308, заң бөлімі 3 қабатта.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2023 жылғы 20 қаңтар.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2023 жылғы 20 ақпан.

ТАРАТУ

3. «Микроқаржылық ұйым «Капитал Плюс» ЖШС (БСН 191040022258) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсуқент ауылдық округі, Ақсу ауылы, Бекет Батыр көшесі, ғимарат 3В. Тел.: +7702-692-0034.

4. «Агрофирма Ақ қайың» ЖШС, БСН 020140012317, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Ивановка ауылы, Мир көшесі, 1. Тел.: 87024849489.

5. «GVK Group» ЖШС, БСН 071140007045, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 3/3 үй, н.п. 8. Тел. 87013014965.

6. «Азиямет холдинг» ЖШС, БСН 110240019238, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жіңішке тұрғын үй алабы, 353В үй. Тел.: 87022167415.

10. «Микрокредиттік ұйым «Болашақ микрокредит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Сырым батыр көшесі, 30 үй.

11. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Аранды ауылдық округі, Қожабақы ауылының ерікті өрте қарсы және авариялық-құтқару құрылымы» қоғамдық қоры өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Несие берушілердің талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қожабақы ауылы, Т.Емешұлы көшесі, 14 үй.

13. «Sanzhar Sagyntay» ЖШС, БСН 190240020958, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Ақжайық ауданы, Қарауылтөбе ауылдық округі, Қарауылтөбе ауылы, Ж.Молдағалиев көшесі, 17 үй.

14. «Silk Way Export» ЖШС, БСН 210640007557, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Сотүстік-батыс ықшамауданы, 41 орам, 8 үй.

16. «ӨМЕРБЕК» ЖШС, БСН 220940042012, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Қаратөбе ауданы, Қ. Жұмалиев көшесі, 13/1. Тел.: 87082480754.

17. «Kzhol Shymkent» оңалту орталығы» жеке мекемесі, БСН 170340023301, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, «Нұрсат» шағынауданы, 125 ғимарат. Телефон: +7 7787252535, +77029711919.

18. «Нұр-А Ломбард» ЖШС, БСН 101240010552, өзінің таратылатыны және ҚР ҚНРДА 16.03.2021 жылғы № 01.21.0045.L лицензиясы негізінде микроқаржылық қызметін (ломбард қызметін) тоқтату туралы шешім қабылданғанын хабарлайды. Талаптар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Абылайхан даңғылы, 24 үй, 15 пәтер, тел.: 87753997670.

19. «Сенім-А ломбард» ЖШС, БСН 150140015388, өзінің таратылуы және ҚР ҚНРДА 10.03.2021 жылғы № 09.21.0013.L лицензиясы негізінде микроқаржылық қызметін (ломбард қызметін) тоқтату туралы шешім қабылданғанын хабарлайды. Талаптар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Алаша хан даңғылы, 2/3, тел.: 87071845337.

ӘРТҮРЛІ

2. Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 16.01.2023 ж. ұйғарымымен «QADAM Industries (Қадам Индастриз)» ЖШС-не, БСН 140240028272, қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Несиелердің талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 135, Litigator.yerzhan@gmail.com

7. Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 16 қаңтардағы ұйғарымымен «Smart Engineering Group» ЖШС-не қатысты (БСН 090540016317) оңалту рәсімі басталды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ж.Тәшенов көшесі, 8 үй, н.п. 1, adalsolution@mail.ru.

8. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агро-өнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Райымбек аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі, БСН 001240003936, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 26 мамырдағы №344 Қаулысына сәйкес, өзінің жойылғандығын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Өтеген батыр кенті, Титов көшесі, №98, тел.: 87027640550.

9. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агро-өнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қапшағай қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі, БСН 001240003211, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 26 мамырдағы №344 Қаулысына сәйкес, өзінің жойылғандығын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Өтеген батыр кенті, Титов көшесі, №98, тел.: 87027640550.

12. «Павлодарский картонно-рубероидный завод» АҚ директорлар кеңесін сайлау және директорды тағайындау үшін 22.02.2023 жылы 15.00 сағатта Павлодар қаласы, академик Сәтбаев көшесі, 46, 300А кеңсе мекенжайында өтетін акционерлердің жиналысына шақырады. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімін мәтіндік кәсіпорын және жалпы жиналыстың құн тәртібіндегі материалдармен танысу 20.02.2023 жылы 14.00 сағаттан 17.00 сағатқа дейін Павлодар қаласы, академик Сәтбаев көшесі, 46, 300А кеңсе мекенжайында жүзеге асырылады.

20. Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 139 үй, 35 пәтер мекенжайы бойынша тұратын Разумовская Екатерина Михайловна, 1998 жылы жасаған кезінде жұмыссыз болған Разумовский Михаил Сергеевичті, 26.10.1950 жылы туған, Алматы қаласының тұрғысы, соңғы мекенжайы: Алматы қаласы, 2 ықшамаудан, 11 үй, 33 пәтерде тұрған азаматты хабарсыз кетті немесе қайтсыз болды деп жариялау туралы арызбен жүгінді. Алматы қаласы, Әуезов ауданының №2 сотында №7540-22-00-2/5826 азаматтық іс қарастырылды. Разумовский Михаил Сергеевичтің жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдардың жарияланған берілген күннен бастап үш ай мерзімде Алматы қаласы, Қуанышбаев көшесі, 44А мекенжайы бойынша Алматы қаласы, Әуезов ауданының №2 сотына хабарлауын сұраймыз.

21. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Балбұлақ» республикалық балаларды оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қаңтардағы № 25 Қаулысына сәйкес, «Коммерциялық емес акционерлік қоғам құру мәселелері туралы «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» ШЖҚ РМК-нің «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығы» АҚ болып қайта ұйымдастыру арқылы қайта құрылуы туралы хабарлайды, БСН 950640000860, заңды мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 440.

Қайта ұйымдастырылған кәсіпорынның кредиторларының талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 440, e-mail: balbulak.kz@list.ru мәлімделуі керек.

22. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізлетіні туралы хабарлайды:

1. Жайық-Каспий бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын, сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу

- Бөлім: саға алды кеңістігімен Жайық өзені, саға алды кеңістігімен Қиғаш өзені, «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының буферлік аймағы

- Бөлім: Жайық-Каспий бассейнінің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында орналасқан су айдындары

- Бөлім: Жайық өзені (Батыс Қазақстан облысы шегінде)

- Бөлім: Батыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар резервтік су айдындары.

2. Балқаш-Алакөл бассейніндегі халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар су айдындарында және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарының және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу.

- Бөлім: Балқаш көлі, Қапшағай ГЭС-нен төмен Іле өзенінің арналық бөлігі және Іле өзенінің су айдындары

- Бөлім: Қапшағай су қоймасы және Іле өзені

- Бөлім: Алакөл көлдер жүйесі

- Бөлім: көлдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында (ЕҚТА) орналасқан су айдындары, Орта Көлсай және Төменгі Көлсай

- Бөлім: Алматы облысының жергілікті маңызы бар резервтік су айдындары

3. Арал-Сырдария бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын, сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу.

- Бөлім: Кіші Арал теңізі және Қызылорда облысы шегіндегі Сырдария өзені

- Бөлім: Шардара су қоймасы және Түркістан облысы шегіндегі Сырдария өзені

- Бөлім: Қызылорда және Түркістан облысының жергілікті маңызы бар су айдындары

4. Ертіс бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын, сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу.

- Бөлім: Жайсаң көлі, Бұқтырма су қоймасы және Өскемен су қоймасы

- Бөлім: Шұлбі су қоймасы, Ертіс өзені және оның Жайылма учаскелері

- Бөлім: Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының су айдыны (көл. Марқакөл)

- Бөлім: Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің су айдындары (Торайғыр көлі, Сабындыкөл және Жасыбай көлі)

- Бөлім: Катон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің су айдындары (Язевое көлі, Чернооз көлі, Маралье көлі)

- Бөлім: Шығыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар су айдындары

- Бөлім: Қ. Сәтбаев каналының су қоймалары

- Бөлім: Павлодар облысының жергілікті маңызы бар су айдындары

5. «Есіл бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын, сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу».

- Бөлім: Есіл өзені

- Бөлім: Солтүстік Қазақстан облысындағы жергілікті маңызы бар су қоймалары

- Бөлім: Сілеті өзені

- Бөлім: Ақмола облысының жергілікті су қоймалары

- Бөлім: ЕҚТА «Бұрабай» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде орналасқан су қоймалары

- Бөлім: ЕҚТА «Көкшетау» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде орналасқан су қоймалары

6. «Тобыл-Торғай бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын, сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу».

- Бөлім: Тобыл өзені

- Бөлім: Қостанай облысының жергілікті су қоймалары

- Бөлім: Ақтөбе облысындағы жергілікті маңызы бар резервтік су қоймалары

7. «Нұра-Сарысу бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын, сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу».

- Бөлім: Нұра өзені

- Бөлім: Әжбай көлі

- Бөлім: Қарағанды облысының жергілікті су қоймалары

Жоба бірінші экологиялық порталында <https://ecportal.kz/> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін 2023 жылдың 27 қаңтарынан бастап он жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар беру үшін қолжетімді болады.

Әзірлеуші: «БШҒӨ» ЖШС, Алматы қ., Сүйінбай даңғылы, 89 А, тел.: 8(727)383-17-15.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агентігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое

«А-с-с-сан!» «А-с-с-а-а-а-ан!»

Қай жақтан шығып жатқаны белгісіз, қылқына, ысылдай шыққан тарғыл дауыс мұның атын атап шақырған сияқты. Бауыздалған қойдың кеңірдегінен шығатын сырылға ұқсай ма, айырып болмайтын, әйтеуір, бір үрейлі дауыс. Артына шошына жалт қарады. Бойы аспан тіреген, алба-жұлба шашы дудырап, ұясынан шығып кетердей шақырайған қызыл көзді әлдене жұны қуып келеді. Кәрі шеңгелдей тарбиған ұзын сау-сақтарымен тарпа бас салып, бүре түспекші. Қашайын дейді, қорыққанынан зіл батпан тас байлап қойғандай ауыр аяқтарын орнынан қозғай алар емес. Таяп қалды. Жетті! Тарбиған қолдар көк желкемен бүреді-ау енді! А-а-а!

Өз дауысынан өзі шошып оянып, орнынан жылан шағып алғандай атып тұрды да, умаждалып, тер ме, жоқ әлде сідік сіңген бе, әбден сарғайып кеткен сасық төсегіне қайта құлап түсті. Үсті-басын қара тер басып, моншадан жаңа шыққандай шылқылдап кетті. Көздері аларып, есінен ауысқандай меңзең қалыпта сұлқ жатыр. Жаңағы жанын алардай шүйліккен дүлейді түс дейін десе, оған келіңкіремейді. Көзіне анық көрінді емес пе? Тұла бойы қалшылдап, қорқынышы сейілер емес. Жатқан төсегінің қарсы бұрышында қарайып әлдене тығылып тұрған сияқты ма...? Зәресі зәр түбіне кете қорыққан ол орнынан үш ұмтыла әрең тұрды да, тәлтіректі басып барып жарықты жағып жіберді. Ешкім жоқ. Көрдей қараңғы терезеге жанары түскенде, арғы жақтан қызыл көзді әлдене өзіне тесірейе қарап тұрғандай көрінді. Үрейі одан әрмен ұшып, көздерін тарс жұмған күйі тәлтіректел бөлме ортасындағы столға жетті. Стол үстіндегі сағатқа қарап, уақыт білмекші еді, неше күннен бері бұралмағандықтан тоқтап қалған екен. Зілдей басы кенеуі кепіп қаңсыған күбей даңғырап тұр. Арақтан әкесі өлгендей неше күн қатарынан ішіп еді, сол көтерем тоқтыдай тұралатып-ақ кетіпті. Бойында әл жоқ. Тізелері қалтырай, қолдары дір-дір етіп ас үйдегі кранды ағытты да, бақыр толы суды басына бір-ақ көтерді. Енді болмаса су сап өлердей екен. Мойнына екі езуінен сыздықтай ағып жатқан мұздай суды да елер емес. У-у-ух-х!

Дірілдеген әлсіз денесі қырман ойғызып, балшық айдатқандай дел-сал. Жарықты өшірді де, белі кеткен атша аяқтарын сүйрей басып иленген төсегіне жетті де, серейіп қалта кетті.

Орнаған қараңғылық өне бойын мұздатып, қорқыныш көлеңкесін бұрынғыдан бетер қоюлата түсті. Бағанағы албастыдай үрейлі елес көз алдында қайта көлбеден, енді кешіксе жатқан жерінде бассалатындай көрініп, орнынан тұрды да сүріне басып барып, жарықты жағып жіберді.

...Таңертең ғана аршыған қияр сияқты тап-тұйнақтай боп таза киініп кеткен Асанның көйлегінің жағасы жайлаудай жайылып, етегі шалбар ысқырынан қобырай шығып, алқа-салқа кейіпке енген. Әлдекіммен алысқан ба, әлде төбелескен бе, түймелері орнымен жұлынып, өңіріне сатала-сатала боп құсық жұғып қалыпты.

— М-м-мен ішем... Шо-шошқаға да бір күн мейрам. Отпускімде ішпейтін мен немене... Іш-ш-ем...

Қолындағы арағы жартылай ішілген шөлмекті «тарс» еткізіп столға қойып жатып, «көрдң бе, маған не істейсің...» дегендей, келіншегіне өлеусіреген көздерімен сүзеген бұқаша ежірейе қарады.

— Іш, іш, — деді Рақила. Әбден шарасы таусыла, тұңіле үн қатып. — Арақты қойғандағы өнерің бір аптаға ғана жетті ме сонда. Іш, тойғанша ішіп қал...
Әкесінің жел шайқаған ағаштай теңселіп, дауылдата келуіне еті үйреніп кеткен бе, қара көздері дөңгеленген төрт-бес жасар әдемі ақ сары бала келген адамға жасқаншақтай көз тастады да, «е, сен екенсің ғой» дегендей, енжар кейіпте бөлменің бұрышында үйліп жатқан ойншықтарымен әуре боп кетті.

— Р-Рақила, әкел. Ыдыс әкел. Мен ішем...



ШЫҢҒЫРАУ

Әйелінің столға әкеп қойған ыс басқан стақанына жынды суды шашып-төгіп жартылай құйған Асан арағын екі езуінен ағыза сіміріп салды. Мойны салбырап, екі иіні түскен күйі қалғып-мүлгіп сүт пісірімдей уақыт отырды. Енді бір сәтте денесінен жаны шыққан жыландай басы столға сылқ ете түсіп, етпеттей жатқан күйі қорылдап ұйықтап кетті.

— Мама, міне, арақ құйды. Мен папамын. Жүр екеуіміз ішейік. — Ойыншық кеселеріне су толтырған балақай ыдысының бірін көтеріп, аузына апара берді.

— Ой, құдайым-ай! Ендігі жетпегені сенің ішуің еді. Мені осынша сорлы ететіндей не жаздым екен бұл тағдырыма? Жаралы жанымна сая болатын шара бар ма екен бұл жарық дүниеде?! Қайтейін, құдайым-ай, қайтейін... Аңырап, солқылдай жылаған келіншек ұлын отырған жерінен құшақтай жығылды. Қос жанардан толассыз ағып жатқан ащы жасы өңірін жауып кетті. Безгегі ұстаған жанша қос иіні селкілдеп, ботадай боздауын тоқтата алар емес. Енді бір сәтте сәбиін құшағынан босатып, бүк түсіп жатқан орнынан әлденеге бекінгендей ширақ тұрды да, әлі де тоқтамаған көз жасына тұншыға сыбырлап:

— Жүре ғой, құлыным. Әжеңнің үйіне кетеміз — деп, баласын киіндіріп, асығыс жинала бастады.

— Папам ше? Папам бізбен барсын... Оятайыншы...

Әкесін жалғыз тастауға қимай, тартыншақтай берген баласын ашынған ана нұқып қалды.

— Папам құрысын. Сені ойлап жүрген ол бар ма?

Жанұядан оған арақ жақынырақ. Жүр тезірек...

Астыларынан су шығып, содан қашқандай кешкі апақ-сапақта бірін-бірі жетелеген аналы-балалы екеу қызығы қашқан үйді тастап, алшақтап ұзай берді.

...Көзі ілініп кетті ме, анығын өзі де білмейді,

«А-с-сан» деген жантүршігерлік тарғыл дауыс пен бағанағы қорқынышты елес тағы да қайталанды.

— А-а-а-а! — Шошына айқайлап, жатқан орнынан жандәрмен ұшып тұрды. Жүрегі атқақтай аузына тығылып,

алқаштардың қолдарындай дірілдеуін! (қай ішкіш өзін «алқаш» қатарына қосуы еді). Стақанын көтеріп, аузына апара бергені сол еді, буфет әйнегінің ішіне жапсырылған ұлының суреті көздеріне оттай басыла кетті. Жасаурай жәудіреген жанарларына мұң ұялай жыламсырап:

— Папа-ау, не болған саған? Аясаңшы мені. Ішпеші, папа, ішпеші! — дегендей, бұған жалынышты жүзбен өтіне қарайды. Әлдебіреу жүрегіне «кірш» еткізіп, біз сұғып алғандай денесі солқ ете қалды. Сүйікті ұлының сүйкімді бейнесі мен оған деген сағынышы өзіне бір қуат бергендей сезініп, бойы сәл де болса жеңілдеп қалған сияқты ма...

«Ұлым-ау, сені жауғандатып, тірі жетім қылып өмір сүргенше өлсем етті! Кешірі, ақымақ өкенді!»

Қос жанарынан тармадап аққан ыстық жасты сүртпестен, стакандағы арағын жалма-жан раковинаға құя салды. «Әй, атаңа нәлет, бәрі сенің әлегің ғой!» Енді шишаның мойнынан қыса ұстап, ішіндегі көз жасындай мөлдір сұйықты раковинаға ақтара салмақ еді, құлағына сайтан сыбырлағандай бір дауыс келіп, кілт тоқтай қалды. «Өзің өлердей болып діңкелеп, ауырып тұрсың ғой, Асан. Түнімен сарғая күтіп, әрең дегенде қолың жеткен арақты төкпекпісің? Ішіп ал да басыңды түзеп,

рахатқа бат. Бір күннің арысы не, берісі не? Қойғыш болсаң, содан кейін да үлгересің!» деген құлақ түбіндегі сыбырдан кілт тоқтай қалды.

«Шынында, жау шапқандай менікі не асығыс. Арақ бар болғанды ертең қойсам да кеш емес қой. Бүгін ішейін, одан кейін бұл сұрқияны ауызыма алсам, анамның ақ сүті атсын! Осы сөзіме сене ғой, ұлым...!»

Ақталғандай, баласының жансыз бейнесіне күбірлей тіл қатты да, қолы қалтыраған күйі стақанға арақты жаңағыдай жартылай құйды. Аш ит те ішпейтін қарғыс атқыр сұйық құйылған ыдысын дір-дір еткен қолымен бірі-бірімен қабыспай, кебірісіп тұрған еріндеріне жәйлап апара берді...

...Рақила ауылдасы Асанға тұрмысқа шығуға бел бұғанын анасына жасқана айтқанында Жәмилә ертоқымын бауырына алған атша тулаған еді.

— Қызым-ау, атам қазақтың: «анасын көріп қызын ал, әкесін көріп қызыңды бер» деген мақалы бар. Асан бір қарағанда жаман бала емес сияқты. Бірақ, оның әкесі жастайынан ішуге тәуір қарап, кейіннен бірте-бірте алқашқа айналып кеткені белгілі. Ақыры, сол арақ атып өшкірдің кесірінен далада мас күйінде жатып қалып, үсіп өлгенін сен өзінде көрдің. Әкесінің қаны бойында бар Асан да араққа үйір болып, өмірінің ойран-ботқасы шықпайтынына көзің жетпейді ғой. Райыңнан қайт, айналайын, саған бұйырған бір жігіт бар шығар — деп, қарсы болғанды.

— Жоқ, мама, Асан ондай емес. Қанша кештерде бірге болғанымызда ішімдік атаулыға көп жоламай, тиіп-қашып қана ішіп отырады. Достары араққа тойып алып, бір-бірімен төбелесіп жүргенде, Асан сап-сау күйінде соларды арашалап, тіпті, үйлеріне апарып тастайды.

— Солай болса, солай шығар, бірақ бойдағы қаннан, жаратылыстан асып кету деген өмірде болмайды. Сен менің аналық сезіміме сенсеңші. Өзіңнің өміріңнің өкінішпен өтпеуі үшін айтма дағы. Әйтпесе, жас баланы қаралағандай болып, күмән айтып нем бар. Теренің ойлан қызым...

— Мама, мен оны сүйемін. Маңдайыма не жазылса, соны көремін. Енді Асан жөнінде жаман айтпаңызшы — деген Рақиланың өтінішпен айтқан сөзінен кейін ол туралы анасы ауыз ашуды қойған.

... Жасыл жапырақтары жайқалған

жаздың бір жайдары күні Рақила мен Асан қосылып, үйлену тойы өткен еді. Шынында да, алғашқы үйленген екі-үш жылдың ішінде оның араққа үйірсеңкігі жоқ-тын. Кейіннен қызып ішіп, одан кейін шала мас болғанша, бірте-бірте ес-түссіз қалғанша ішуді шығарды.

Көпті көрген ана шіркіннің жүрегі сезген екен, Асан сол атың өшкір арақты ішпеуге үш-төрт күн ғана шыдап, артынша құлағанша, әкесі арақтан өлгендей (оның әкесі шынында арақтың кесірінен өлді емес пе) ішетін дәрежеге жетіп, ақыры мынандай күйге түсті.

Сүйіп қосылған жарын, тұла бойы тұңғыш ұлы мен өзінің келешегін ойламай, арақтың құлақ кесті құлына айналып, сол шайтанның жетегінде тайлақша дедектеген Асанға деген өкпесі қара қазандай болса да, «мүмкін қояр» деген үкілі үмітін үзбеді. Кейде тоя ішіп, ертеңінде құсын-тышып, бас көтере алмай ауырып жатқанында, қанша айтқанымен қыздай қосылған қосағы емес пе, жаны ашып, бір жартылықты дүкеннен әкеліп, «похмел» жасатқан күндері де болған. «Енді арақты аузыма алмаймын» деп неше рет ант-су ішкенімен, шыдамы бірнеше күнге ғана жетіп, артынша баяғы «таз қалпына» түседі.

...Күйеуінен әбден күдерін үзіп төркініне кетугін кеткенімен, «әлігі байқұс не болып жүр екен. Жаманшылыққа ұрынып қалмаса етті» деп, ойынан шықпаушы еді, кейінгі үш күнде түнімен неше түрлі қорқынышты түстер көріп, шошып оянатын болды. «Түс — түлкінің боғы» деп қанша өзін жұбатып, тыныштандырмақ болса да, көңілі құрғыр секем алып, қорқақтағанын қоятын түрі көрінбейді.

...«Неғып қолды аяққа тұрмай, маза-сызданып жүрмін? Құдай бетін әрі қылсын, әлгі бірденеге ұрынып қалмаса игі еді» — деп, бүгін жаны сыздай ертелете автобұсқа шықты.

...Жүрегі құрғыр кеудесінен шығып кетердей булқына тулап, есіктегі құлып тесігіне кілтін дәлдей алсашы. Қолдары қалтырай, кілтін кіргізіп ашты-ау, әйтеуір. Кіре бере әлдебір өткір жағымсыз иістен тыжырылып қалды. «Газ ашық қалғаннан сау ма, өзі?» Жүрегі басып, ас үйге енді. Жоқ, газ тегігі жабық тұр. Жау шапқандай, ойран ботқасы шыға ыбырсып жатқан басқа бөлмелерді аралап шықты. Қайдан ғана кіргені белгісіз, қоңыздай өңкіген көк шыбындар қожайынсып, гу-гу ете шарлай ұшып жүр.

Ендігі кезектегі ванна бөлмесінің есігін ашып қалды. Күлімісі, сасық иіс тұншықтырардай қолқасын қапқан келіншек: «А-а-а» деген жан түршігерлік ащы дауыспен шошына шыңғырып жіберді. Енді бір сәтте есінен танып, шалқалақтап құлай берді...

Ванның жоғарғы су жүретін құбырында көзі аларып, тілі сиырдың тілі тәрізді салақтап шығып кеткен Асан-ның мүрдесі салбырап тұрған болатын. Арақтың елірме ауруына шалдыққан ол осыдан үш күн бұрын өзінің қайыс белдігіне асылып қалған еді...

Бірақ, Рақиланың көрер азабы әлі алда екен. Асанның асылып қалғаны сырт көзге анық көрініп тұрса да, туыстары «Әйелі үйге ие болу үшін Асанды әдейі өлтірді. Бұған оның бауырларының да қатысы болуы мүмкін» деп жаланы шімірікпестен жаба салды. Күнде арызданып, күнде қоңыраулатып жатқан соң полициядағылар да Рақила мен бауырларының мазасын әбден алған. Тек он күннен кейін қолға тиген сот-медициналық, сот-биологиялық сараптамасы ғана шындықтың бетін ашып, Асан-ның өз өлімінен өлгенін, қайыс пен ванна жақтауында одан басқа ешкімнің қол іздері қалмағанын көрсетіп берді.

Міне, күйеуін дұрыстап жоқтай да алмаған Рақила ұлымен бірге бейіт басында тұр. Өзін қаралаған, сол үшін мына кішкентай болашағына да бас қатырмаған қайын жұртымен енді қалай араласпақ? Арыз жазудан қолы босамаған олар Асан-ның артында қалған жалғыз тұяғымен араласуды қаламайтын да шығар...

Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы — директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankl@zangazet.kz

«Заң газеті» аптасына 2 рет — сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5321 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №9 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31